

Тўцғышбай Игенбеков

Өткен күндер



2020

Тұңғышбай Игенбеков

Өткен күндер

Қарағанды қаласы, 2020 жыл

УДК 008
ББК 71
И 22

РЕЦЕНЗЕНТТЕР:

Әліп Жайлыбай, қоғам қайраткері

И 22 Игенбеков Т.
Өткен күндер / Т. Игенбеков, Қарағанды: ПК «ЭКОЖАН»,
2020.-60 бет

ISBN 978-601-210-303-8

«Өткен күндер» авторы, мсн, Игенбеков Тұнғышбай өнер, мәдениет саласында жұмыс жасаймын. Бұл жинақта «Өткен күндерде» 1938 жылы Қарағанды облыстық филармониясының ашылғанынан, 2020 жылғы Қ. Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің жұмысын қамтитын құнды көп мағұлыматтар жазылған. Әртістердің өмірбаяны, жасаған жұмыстары, ұрпақтары туралы жазылған.

Сол замандағы әртістер өмірден озған, архивтерді қарап жазылған еңбек.

УДК 008
ББК 71

ISBN 978-601-210-303-8

© Игенбеков Т., 2020



Қарағанды өңірі ән мен күйге дархан өлке екені ежелден белгілі. Өткен ғасырдың 30 жылдарының басында облыстық радионың жанынан қазақ хоры ашылғаны тарихтан мәлім. Өнерге талпынған тума қызындар соған жиналды. Алайда, филармонияның орны бөлек еді. Хордың құрамындағы әншілер іріктеліп, филармонияға шоғырланды. Халықтық өнердің тарландары ұжымның шығармашылық деңгейін, өз ішіндегі беделін биікке көтерді.

Халыққа мәдени қызмет көрсетуде филармонияның маңызы зор болды. Кеншілер қаласы өркенді өнердің ордасына айналды. Халықтың дәстүрлі өнерімен қатар, классикалық музыканың дамуына жол ашылды. Бүгінгі күні ол Республикадағы беделді ұжымдардың бірі боп саналады. Ал оның ертеңі бүгіннен де жарқын.

Қарағанды облысы Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің басшысы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері

Талғат Ыдырысөв

I тарау

Облыстық атқару комитетінің №234 шешімімен 1938 жылдың 6 наурызы күні Қарағанды қаласында облыстық филармония ашылған. «Қызыл әскер» ән-би ансамбліне ұқсас болуы керек деген мақсат болған еді.

Құрамында:

а) әншілер – қазақ халық хоры 13 адам;

ә) әншілер – орыс хоры 20 адам;

б) аспаптық халық оркестрі 20 адам (домбыра, қобыз, сыбызғы, т.б.)

в) хореография секторы – балет тобы 10 адам.

Өнерпаздарды халық арасынан таңдап алды. Әртістерді қабылдау үшін облыстық олимпиада, радио-фестивальдер, көркем өнерпаздар байқауын өткізген. Қарағандыда, Балқашта, Қарқаралыда, Ақмолада «Ұйымдастыру жұмыстары 1938 жылдың 20 мамырына дейін аяқталу керек» деген бұйрық болды. Қарағанды көмір трест басшылығының қарамағындағы Тау-кен техникумының клубынан филармония жұмысы үшін орын бергізілді. Облыстық радио комитетінің жанында ұйымдасқан қазақ хорының басшысы әрі дирижері Борис Орлов мырзаға филармонияның көркемдік жетекшісі қызметін қосы атқаруды жүктеген. Хореография секторының (балет) басшысы болып жолдас Жгутов тағайындалған. Осы арада еске алатын жағдай бар. 1934 жылы Қарағанды қаласындағы радио комитетінің жанынан қазақ хоры ашылып, Қали Байжанов, Забира Жұбатова, Қосымжан Бабақов, Жабай Тоғандықов, Алтын Әлиева, т.б. еңбек етті. Көркемдік жетекші Б.Орлов пен концертмейстер Валентина Пирагова әншілермен, музыканттармен сольфеджио, нота сауаттарын ашу сабақтарын өтіп, көп дайындық жасаған, нота танитын дәрежеге жеткізген.

Филармонияның басты жұмыстары – Қарағанды қаласында орналасқан кәсіпорындарында, шахталарда, еңбек ұжымдарында концерт қою болып табылады. Көктем, жаз айларында колхоздарды аралап, дикандар арасында, ауылшаруашылық ұжымдарда өнер көрсетумен қоса, лекция-концерттер, басқа да ағарту жұмыстарымен айналысты. Қалада өтетін мерекелік концерттер, мерейтойларда өнер көрсететін. «Октябрь» кинотеатрында (қазіргі «Шалқыма» концерт залының ғимараты) басты мерекелік шаралар өтетін. Бұл кинотеатрда үлкен экранмен қоса, өнерпаздарға ыңғайлы сахна орналасқан.

Ұлы Отан соғысы кезінде филармония ұжымы тыл еңбеккерлеріне концерт қоятын. Халық арасынан жиналған деректерде – осы қиын жылдары кешкілік уақытта радиодан филармония әртістерінің қатысуымен концерттер берілетіні жайлы айтылады.

Соғыс жылдары Қарағандыға Ресейден көп ұжымдар қоныс аударған:

1. Бригада «Бим-Бом»
2. Сыған ансамблі
3. Джаз оркестрі
4. Үрмелі аспап оркестрі
5. Өзін-өзі қаржыландыратын (хоз.расчетная бригада) сыған ансамблі
6. Украин ансамблі

Негізі: ГАГК, ф 937, оп 2, дд 2728

Осы ансамбльдер Қарағанды филармониясымен бірге еңбек атқарған. Соғыс жылдары филармония, қазақ, орыс драма театры артистері майдан даласында жауынгерлер адында өнер көрсетіп, концерттер қойған.

Қарағанды облыстық атқару комитетінің 1945 жылдың 30 мамыры күнгі №323 пәрменімен Жамбыл атындағы Қазақ Мемлекеттік филармониясының құрамында Қарағанды филиалы құрылды. Бір жылдары көп жұмыстар атқарылды. Қаражат пен штат мәселесі, басшылық, бухгалтерия, т.б. Шағын бригадалар ашылып, концерттік жұмыстармен айналысқан.

ҚАЛИ БАЙЖАНОВ

1877 жылы Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Қайыңдыкөл деген жерде өмірге келген. Оның өскен жері Қарағанды облысының бұрынғы Егіндібұлақ ауданы. Бір деректерге қарағанда, өмірден таршылық көрген Қалидың әкесі Байжан туыстары тұратын Егіндібұлақ ауданындағы Балықбай ауылына көшеді. Қадекеңнің кенже ұлы Жеңістің айтуынша Баянауылда ән салып жүрген жетім баланы Егіндібұлақтың Тәуке деген бір байы ауылына алып келеді.



Тәуке байдың сауырында келген жетім бала кейін атақты, төрткүл дүниеге аты тараған, Қазақстанның халық әртісі атанады. 15 жасынан бастап Екібастұзда шахтер, «Желтау», «Казмедстрой» құрылыстарында тас қалаушы болып істейді. Алайда, «алмас кездік қын түбінде жатпайды» демекші, Қалидың бойындағы табиғат берген зырышы оған маза бермейді. Жастайынан естіген әнін бірден қағып алып, шырқай жөнелетін қабілетінің күш алып бара жатқанын байқайды. Әнші болу үшін ел ішінде майталман әншілердің қасына ереді.

Оған ұстаздық еткен Арқаның әйгілі әншісі Жарылғапберді еді. Қали одан «Ардақ», «Алтыбасар», «Шама» әндерін үйренеді. Ол белгілі әнші-композитор Жаяу Мұсамен жиі кездесіп тұрады. Алғашқы кезде Жаяу Мұса Қалиға көңіл аудармай, салқын амандасады. Жас жігіттің әнге деген құштарлығын көрген соң ғана өзіне жақын тартады. Оның талабына көңілі толған Жаяу Мұса «Ақ сиса», «Құлбай бай», «Сапар», «Хаулау», «Гауһарқыз» әндерін үйретіп, үйінде бірнеше күн қонақ қылады. Жасырақ кезінде Қали кірешілерге еріп, Қоянды жәрмеңкесіне барады. Сыртынан даңқын естіп, әніне құмар болып жүрген Біржан Салмен бала Қали жәрмеңкеде кездеседі. Бір жылы Күдерінің Нұрланы деген кісіге еріп, Абай ауылына да барған дейді. Ұлы ақынға Қалидың құдыретті үні мен әсерлі әні ұнайды. Өнерге талпынған жасқа ақыл-кеңесін беріп, апта бойы әнін тыңдап, данышпан Абай оны сый-құрметпен аттандырған екен. Қали жыл сайын Қоянды жәрмеңкесіне барып, Қажымұқан, Омар, Майра, Иса сияқты саңлақтармен ойын-сауық құрады. Бұл өнер майталмандары үшін қазіргі кезде өткізіліп жүрген фестивальдар сияқты болған. Міне, осындай ән мектебін бітіріп, дала академиясынан білім алған Қали біржола өнер жолына түседі. Ол 1925 жылы жаңадан ашылған қазақ өнерінің қара шаңырағы драма театрында әнші болып істейді. Ол 1927 жылы Мәскеудің Үлкен театрында өткен «Этномир» концертіне қатысқан. 1930 жылы Қарағанды облыстық радио комитеті құрылып, оған алыс ауылдардан ақындар мен әншілер, домбырашылар мен қобызшылар келе бастайды. 1931 жылы Қали Қарағандыға қайтып оралып, облыстық радио комитетіне әнші болып орналасады. Олардың өнерін бір жүйеге қойып басқаратын адам қажет болды. Осы мақсатпен Бүкілодақтық радио комитеті Мәскеуден Саратов консерваториясының түлегі Б.Орловты Қарағандыға жібереді. 1933 жылы Борис Александрович Орлов жұбайы Валентина Сергеевна Пирагова екеуі Сарыққа төріндегі көмірлі қалаға келеді. Облыстық радио комитеті жанынан қазақ хорын ұйымдастыруға кірісіп кетеді. Оларға Қали мен жары әнші Хабиба көп көмектеседі.

Қ.Байжанов 1936 жылы Мәскеуде өткен I өнер декадасына қатысқан еді. 1938 жылы Қарағандыда филармония ашылғанда Қали әнші болып орналасады. Осы жылы Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі атағына ие болады. Академик Ахмет Жұбанов Қали туралы «қазақтың

классикалық ән орындау дәстүрінде біздің заманның орындаушылық мәдениетінен орын алатын жақсы үлгілері бар». Онымен қоянқолтық жұмыс істеген Б.Орлов «ол тіпті екі да, жаза да білмейтін. Оның университеті – табиғи дарыны, ғаламат баскантанто дауысы және кең дала». А. Затаевич «Қалидың дауысы жоғары баритон» десе, Б.Орлов оны баскантанто деп отыр. Осының қайсысы шындыққа жақын? Екеуі де. Өйткені, А.Затаевичке «Ырғақты», «Бүркітбай», «Кокжендет» әндерін жаздырғанда Қали өзіне ыңғайлы дауыс деңгейінде, яғни, кіші октаваның «до» нотасынан бірінші октаваның «ля» нотасына дейінгі аралықта айтқан. Содан А.Затаевич оның дауысын жоғары баритон деп көрсеткен. Ал, Б. Орлов болса, Қалидың хордағы айтқан дауыс деңгейіне қарап, тұжырым жасаған. Бұның дәлелі, Н.Римский-Корсаковтың «Масленица» шығармасындағы төменгі дыбыс – үлкен октаваның «фа» нотасын Қали еш қиналмай, емін-еркін айта беретін болған. Б.Орловтың пікірімен де келісуге болады. Алайда, Қалидың бояуы қанық, кең тынысты, ешкімге ұқсамайтын дауысы бас түгілі, баритонның да шекарасынан асып, тенордың да өлкесіне өтіп кетеді екен. Бұл өте сирек кездесетін құбылыс.

Қ.Байжанов филармонияның әр концертіне, атаулы мерекелік шараларға қатысып отырған. Соғыс жылдары шахталарда, еңбек ұжымдарында, кәсіпорындарында концертке қатысып, халықпен тығыз байланыста болған. 1945 жылы 17 ақпанда ол Қазақстанның халық әртісі атағын иеленді. Дарыны мен даңқы шыққан әнші Қали жас әншілерді үлкен өнерге баулып, үлгі-өнеге көрсетті. Бұл жөнінде академик А. Жұбанов «Замана бұлбұлдары» кітабында жазды. Қалидың алдын көрген шәкірттеріне дарыны дарып, шапағаты тиді. Забира Жұбатова Қазақстанның халық әртісі, Алтын Әлиева және Кенжегүл Сыздықова Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі атанды.

Қалекең радио жабылғаннан кейін, егде жаста болса да филармонияда жұмыс істеді. 1966 жылы дүниеден өтті. Ол Қарағанды қаласында жерленді. Артында асыл мұрасы – әндері, әншілік дәстүрі, өнерін қастерлейтін туған халқы бар. 1990 жылы облыстық филармонияға оның есімі берілді.

Үш ұлы мен бір қызынан туған немерелері Қарағанды, Алматы қалаларында тұрып жатыр.



ЗӘБИРА ЖҰБАТОВА

1914 жылы Қызылжар өңірінде өмірге келген. Қаршадайынан әнге әуес болған талапты қыз 1932 жылы 18-ге толар-толмас шағында Қарағанды радиокomiteетіне әнші болып орналасады. Мұнда ол атақты әншілер Қ.Байжанов, Қ.Бабақовпен қызметтес болады. Хордың әншілерінен өнердің қыры мен сырын үйренеді. Зәбира хорға қатыса жүріп, жеке де ән айта бастайды. Хор жетекшісі Б.Орлов, концертмейстер В.Пирагова хор әншілерінің музыкаға сауатын ашады, сольфеджиомен дайындалады.

1936-38 жж. хор Мәскеуге шақырумен барады. Ол жеке дауыста ән салып, Мәскеу жұртшылығының қошеметіне бөленеді. Дәл осы 1938 жылы Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген әртісі атағын алады.

1938 жылы Қарағандыда ашылған облыстық филармонияға әнші болып орналасады. З.Жұбатованы 1941 жылы Алматыға Мемлекеттік опера және балет театрына әнші етіп қабылдайды. Алайда, жұбайының денсаулығына қарайлап, өз еркімен бармай қалады. Сұрапыл соғыс жылдарында Зәбира Қарағанды облыстық филармониясында әнші еді. Тылдағы еңбеккерлер сияқты әртістердің де жұмысы оңай болмайды. Халықтың ауыр тұрмысын көріп жүреті жылап тұрса да, тебірене ән салып, елдің көңілін көтереді. Бір мезгіл майданға барып, жауынгерлер алдында ән шырқап, олардың көңіліне жеңіске деген сенім ұялатып, жігеріне жігер қосады. Осылай аянбай еңбек еткеннің нәтижесі болар, 1945 жылдың 17 ақпанында оған Қазақ КСР-ның халық әртісі деген атақ берілді. Осы жылы 18 мамыр күнгі Кеңестік Қарағанды газетінде қазақ драма театры басшысының орынбасары З.Жақыпов, орыс драма театрының әртісі Н.Белкин, Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген әртісі М.Сүртібаев және әртіс М.Түлкібаев жазған мақалалар шығады. Бұл мақалалардан білгеніміз – облысымыздағы қазақ, орыс театрларының және филармонияның әртістерінің майдандағы жауынгерлерге өнер көрсеткені. Майданға барар жолда әртістер Мәскеуге аялдап, Қызыл Армияның орталық үйінде екі концерт берген. Одан кейін, 2-ші Прибалтика майданына аттанып, жауынгерлер арасына 130 концерт беріп қайтады. Енді

мақаладан үзінді келтірейік. «Әртістердің өнерін майдандағы жауынгерлер өте көңіл қойып тыңдады. Әсіресе, Қазақ КСР-ның халық артисткасы Зәбира Жұбатова мен Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген артисі Мүлік Сүргібаевтың орындаған әндеріне жауынгерлер қатты сүйсінді. З.Жұбатова орындаған «Майданнан хат», «Біздің ұран», «28 бағыр» деген әндерін жауынгерлер мен офицерлер өте зейін қойып тыңдады».

1951 жылы Радиокомитет Алматы қаласына түбегейлі қоныс аударды. Хорда еңбек етіп жүрген бір топ әртістер филармониядағы жұмысын жалғастыра берді. Филармонияда жеке топ құрып, колхоздағы еңбеккерлер мен диқаншыларды, малшыларды аралып, концерт беретін. Қарағанды өңірінің еңбеккерлеріне ғана емес, Қазақстанның түгелге дерлік облыстарын аралып, өнер көрсететін. Жазда өгіз арбамен, қыста ат шанамен, лаумен (біреудің көлігімен жүру) жүріп, қызмет ететін.

Бір өкініштісі, қазақ өнеріне адал қызмет еткен Зәбира Жұбатованың хорда жұмыс істеген жылдары еңбек кітапшасына еңбей қалған. Өнерге 18 жасында келсе де, зейнетке 1969 жылы 55 жасында бірақ шығады. Оған республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер мәртебесі беріледі.

Кейінгі жылдары атақты әнші екі перзентінен айырылып, кіші қызы Роза мен үш немересі, бес жиенінің ортасында өмір кешеді. Сөйтіп, ескінің көзі, халық өнерінің асылы, сары алтынның соңғы сынығы, әнші Зәбира 1999 жылдың 31 шілдесінде дүниеден өтті. Артында ұрпағы, өнерін сүйген халқы, қадірін білетін азаматтар қалды. 2018 жылы әнші тұрған үйге өзі еңбек еткен ұжымы мемориалдық тақта орнатты.

З.Жұбатованың репертуарында - халық әндері «Дайди-дау», «Ақдариға», «Алқоңыр», «Бозжорға», Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқас», «Татьянаның хаты», Сәкеннің «Тау ішінде», М.Төлебаевтың «Ақ мақта», «Жастар вальсі», «Шахтер әні», сондай-ақ, халық ұнатып тыңдаған «Домбыра», «Бөбегім», «Ұстазым», «Алма ағаштар жайнады», «Өзің, сәулем, іздегенім», т.б., әртүрлі ұлттық әндері – татар әні «Колхоз қызлары», «Суда», шешеннің «Зара», молдаванның «Ляно», армянның «Фиалка», чехтің «Бақташы», румынның «Мариникэ», поляктың «Бір сулу қыз», италияның «Санто Лучия», қытай және ұйғыр әндері, жалпы, 200-ге тарта ән болған. Бұл баға жетпес ән қоржыны әншінің өз даусымен Ұлттық алтын қорда, Қарағанды орталық архивінде сақталған.



Көмірлі қаланың бұлбұлы АЛТЫН ƏЛИЕВА

Алтын Əлиева әсерлі әндерімен, сыңғырлаған үнімен өлкемізді сәнге бөлеген әнші. Ол 1915 жылы Ақмола облысында көп балалы отбасында дүниеге келген. Алтын Балтабайқызы 13 баланың кенжесі. Содан да, ата-анасы оны бетінен қақпай аялап өсірген. Үлкен әпкесі Базардың ақылын тыңдап, сыпайы, байсалды боп өскен. Жастайынан әнге құмар сіңілісінің әуестігін Базар қостайды. Көңіліне ән ұялаған бойжеткен қыз әпкесімен бірге Қарағандыға келеді.

Облыстық радиокомитеті жанынан құрылған қазақ хорының атағы республика астанасына жетіп, ол 1934 жылы халық өнерпаздарының 1-ші слетіне қатысқан хорға әншілер қабылдағанда, тума дарынды, әнге деген түсінігі, әншілік шеберлігі, үнінің ашықтығы, дауысының тембрі, диапазоны, тынысының кеңдігі бәрі ескерілген. Табиғатында дұрыс қойылған дауысы бар Алтын күрделі шығармаларды асқан шеберлікпен орындайды. Осындай сыннан желіп өткен Алтын 1935 жылы хордың құрамына қабылданады. Бұл кезде хор қос дауыспен айтатын. Оның репертуарында қазақтың халық әндері және кеңес композиторларының нотамен айтылатын шығармалары болды. Хордың жетекшісі сол жылдан бастап әншілердің дауысын қою жұмысымен тыңғылықты айналысады. Кейбір әншілер мұны бос әурешілік деп есептесе, табиғатында дұрыс қойылған дауысы бар Алтын күрделі шығармаларды жоғары деңгейде орындау үшін шеберліктің қажет екенін түсінеді. Бұдан кейін ол нота сауатын үйренуге ден қойып, құлшына кіріседі. Жас қыздың қабілетіне, талабы мен талпынысына, өнерге деген құштарлығына Борис Орлов қатты риза болады. Б.Орловтың ұсынысымен облыстық Халық ағарту басқармасы қазақ мектептеріне ән сабағын енгізеді. Оқытушы ретінде дайындығы мықты хор әншілері Қосымжан Бабақов, Кеншімбай Мұстафин, Зәбира Жұбатовамен қатар, Алтын Əлиеваның да жіберілгені көп нәрседен мағлұмат береді.

Хордың Бүкілодақтық микрофон алдындағы алғашқы концерті 1936 жылы 7 қазан күні болды. Мәскеу жұршылығы алдында,

мәдениет үйінің сахнасында Алтынның да дауысы асқақ естілді. Мәскеуге екінші рет барған сапарында хордың бір концертті КСРО халық әртісі Күләш Байсейітованың қатысуымен өтті. Сол 1938 жылы грамофонға жазылған қазақ әндері Бүкілодақтық радиокомитетінің хабарлары мен концерттерінде орындалып, Одақ көлеміне тарайды.

Б.Орлов өзінің бір естелігінде хорды демалысқа жіберіп, көптен ойлап жүрген мақсатын іске асыру үшін ауылдарды аралауға шыққаны туралы жазады. Қасына жұбайы В.Пирагованы ертіп, алыс ауылдарға барып, қазақтың халық әндерін жинайды. Облыстық партия комитеті машина бөліп, қасына Асқар Әлиев деген жігітті қосып береді. Асқардың бастауымен олар Қарақаралыға шығады. Жол бойы ауылдарға тоқтап, ән жинайды. Сондағы алғашқы жазып алған әні «Жалғыз арша» еді деп жазады Б.Орлов. Асқар Әлиев хорға жанашыр Б.Орловпен дос болып араласын жүріп, келбеті келісті, үні бұлақтай сыңғырлаған әнші қыз Алтынмен танысады. Көп ұзамай екеуі қосылады. Өмірге Құмар деген ұл келеді. Алайда, сүйіспеншілік пен береке ұялаған отбасының қуанышы ұзаққа бармайды. 3 жастан асқанда Құмар қайтыс болады. Бір жылдан соң сүйікті жары Асқар дүниеден өтеді. Осы бір ауыр жылдары Алтынға әпкесі Базар, хор ұжымы және достары үлкен сүйеу болады. Мен Алтекеңнің бригадасында жұмыс істеп жүргенде, қобызшы Төлебаев Шалғынбайға қарап отырып есіне алатын. «Менің Құмарым тірі болса, осындай азамат болар еді» деп күрсінетін.

Қарағанды хоры шығармашылық жетістіктерге жетіп, іргелі ұжымға айналды. Құрамындағы өресі биік әншілер құрметті атақтармен марапатталады. Солардың қатарында Алтын Әлиева Қазақ КСР Жоғары Кеңесі Президиумының 1945 ж. 17 ақпанда шыққан жарлығымен Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген әртісі атағына ие болады. 1951 жылы облыстық радиокомитет жабылғанда филармонияға ауысады. Алғашқы жылдары Қ.Бабақов, І.Өкпенев, Қ.Ешімов, А.Копбаев, т.б. әртістермен концерттерге шығып жүрді. Кейін өзінің бригадасын құрды. Гастрольге шыққанда аккордеоншы А.Завьялов, баяншы В.Дворников, ал қалада А.Гурьевич фортепианода сүйемелдеді. Қазақстанның бүкіл облыстарын аралады. Діқаншыларға, ауыл еңбеккерлеріне, шопандарға өнерлерін паш етті. Ол уақытта әртістер халық арасын лаумен, ат шанамен аралайтын, кейін филармонияда кішірек автобус пайда болды.

Алтын Әлиева соғыстан кейін партия және кәсіподақ салатының қызметкері Мұзафаров Қалкенге тұрмысқа шығады. Қали

Байжановтың балдызы Қалкен оның өнеріне қолдау қорсеткен жанкүйері, өмірде қолтығынан демеген жансерігі болды. Екеуінің өз балалары болмағандықтан, Қ.Байжановтың кенже қызы Алланы 1947 жылы бауырларына салады. Қалкеннің Баян ауылындағы ағасының екінші ұлы Тұржанды да бауырларына салып, өсіреді. Алланы да, Тұржанды тәрбиелеп ержеткізеді. Мұзафарова Алла консерваторияны бітірген, хор маманы. Алматыдағы П.Чайковский ағындағы музыка училищесінде дәріс береді. Тұржан ерте қайтыс болды. Жұбайы, балалары, немерелері Қарағандыда, Алматыда тұрады. Алтын Әлиева 1991 жылы өмірден өтті. Қарағанды қаласында жерленген. Қалкен 1996 жылы өмірден озды, Алматыда жерленді.

Қазақстанның халық әртісі Б.Орлов кейінірек Қарағанды хорында еңбек еткен жылдарын еске түсіріп, бірге істеген достарын ілтипатпен атай келіп: «Қ.Байжанов, Қ.Бабақов, К.Мұстафин, З.Жұбатова, А.Әлиева есімдері қазақ халқының басқа да дарынды ұлдары мен қыздарының қатарында Қазақстанның музыкалық мәдениет дамуының жылнамасына енуі тиіс» деп жазған еді. Көмірлі қаланың бұлбұлы атанған дарынды әнші Алтын Әлиеваның әдемі дауысы туған халқының есінде мәңгі сақталып, оның асыл мұрасы ел игілігіне жарайтыны анық.

МАҒАУИЯ КӨШКІНБАЕВ



Қазақстанның еңбек сіңірген артисі 1910 жылы Егіндібұлақ өңірінде өмірге келген. Жастайынан өнерге жақын, әнге әуес болып өскен. 1928-34 жж. мектепте оқыған, 7 класс білімі бар. Бозбала шағында Қоянды жәрмеңкесінде әншілерді көп тыңдаған. 1934-36 жж. колхозда жұмыс істеген. Қазақ КСРО Халық комиссариаты 1936 жылы Мәскеу консерваториясына жолдамамен оқуға жібереді. 1938 жылы Қ.Байжановтармен бірге Қарағанды қаласындағы филармонияның ашылуына қатысқан.

1939 жылы әскер қатарына шақырылған. Соғыс басталғанда майданға алынып, 1945 жылы жеңіспен елге оралды. Сол жылы облыстық филармонияға жәнерадиокомитетке әнші болып орналасады. Филармонияның әншілерімен жеке топ құрамында жаз айларында ауыл тұрғындары, ұжым шарларды аралап, концерт қойып өнерлерін

көрсеткен. 1951 жылы радиокомитет жабылып, Алматы қаласына түбегейлі қоныс аударады. Хордың бір топ әншілері филармонияға ауысады. Халық әртісі Зәбира Жұбатова мен еңбек сіңірген әртіс Алтын Әлиевапың бригадаларымен Қ.Бабақов, А.Копбасв, І.Өкпенев, К.Ешимов, т.б. әртістер ауыл-аймаққа, шопандарға, диқаншыларға концертпен шығып жүрді. Ол уақытта әртістер халық арасын лаумен, атпанамен аралайтын. Кейін шағын автобус берілді.

Соғыста алған жарақаты 1951 жылы сыр беріп, II топтағы мүгедектікке шығуға мәжбүр болады. Облыстық филармонияда жұмысын жасай береді. Осы жылдары қазақ радиосының алтын қорына 100-ден аса әндер жаздырады. Мағауия Абай, Біржан, Ақан сері, Әсет, Естай, Жарылғапберді, Ғазиз, Мұстафа, т.б. халық композиторларының әндерін өте шебер орындайды. Қазақ халқының ән өнеріне өзінің үлкен үлесін қосты. Оның ән мектебі дамымай қалды. 1968-69 жж. Бектұрсынов Қуанышбек деген азаматты шәкірт болуға үгіттеген, бірақ, нәтиже болмады. Архивтегі құжаттарды қарағанда, өз қолымен жазған өмірбаянында «Қазақ қыздар педагогикалық институтында оқитын қыз балам бар, жұбайым үй шаруасындағы адам, екі ұлым жеке тұрады, сегіз жанбыз» деген анықтама берген. Үлкен ұлы бірінші әйелінен. Неміс ұлтының қызына үйленіп, 2008 жылы Германияға қоныс аударған. Қызы Талдықорғанда мұғалім болып қызмет етіп жүріп өмірден өткен. Қалған отбасы мүшелерін анықтау мүмкін болмады.

Германияның Ильмснау қаласында немістің ұлы ақыны Гетенің музей-үйі бар көрінді. Сол музейде Гетенің сөзіне жазылған Абайдың «Қараңғы түнде тау қалқып...» әні үнемі Мағауия Көшкінбаевтың орындауында шырқалып тұрады екен. Қазақ жазушысы Қалмақан Исабаев осы қалада соғыстан кейін 8 жыл комендант болған. М.Көшкінбаевтың дауысы басылған таспаны музейге Қ.Исабаев тапсырған еді.

1972 жылы зейнеткерлікке шыққан соң, Қарағанды Кеншілер мәдениет үйінде үйірме басқарған. Сол уақытта қазақтың әйгілі әншісі Мақпал Жүнісова мен белгілі театр және кино актері Қайрат Кемаловтың алғашқы ұстазы болды. 2 мектеп-интернатының оқу ісі меңгерушісі Елжас Тайлақов М.Жүнісова мен Қ.Кемаловты мәдениет үйіне ән сабағына апарды екен.

1960 жылы Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі атағын алды. 1973 жылға дейін Қарағанды филармониясында қызмет істеген. 1980 жылы өмірден озды.

МҰХИТ БИТЕНОВ



1912 жылы Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданындағы Қамысты ауылында дүниеге келген. 1923-31 жж. мектепте оқыған. 8 класс білімі бар. 1931-34 жж. совхозда жұмысшы болып істеген. 1934 жылы Балқаш қаласына комсомол жолдамасымен келіп, осы ұйымда хатшы болып жұмыс істеген. 1935-36 жж. сауда жағында қызмет етті. Осы жылдары көркемөнерпаздар үйірмесінің белді мүшесі болған.

1934 жылы өнерпаздардың Алматыда өткен I слётіне қатысып, Дина Нүрпейісовамен бірге өнер көрсегеді. Атақты күйші Мұхитқа батасын береді. Құрманғазы оркестріне шақырту алса да, ол Балқаш қаласына қайтып оралады. 1937 жылы жары Ақын екеуі Қарағанды қаласындағы радиокомитеттің хорына орналасады. Екінші Жүниежүзілік соғыс басталып, Мұхит майданға аттанады. 1945 жылы отбасына оралғанда оны ауыр қайғы күтіп тұрған еді. «Мұхит келе жатыр» дегенді күнібұрын естіген достары, туған-туыс, көрші-қолаң ыстық сағынышпен қарсы алады. Үйге кіріп жайғасқан ол жаутандап есік жаққа қарай береді. «Ақын-ау, менің қошақандарым қайда? Мені неге қарсы алмайды» дейді. Жұбайы не айтарын білмей күмілжіп, орамалының шетімен көзін басып, тұншыға өксиді. Сонда төрде отырған ақсақалдардың бірі «Мұхит, қарағым, берік бол. Қошақандарың өзің майданда жүргенде о дүниелік болған» деп көңіл айтады. Мұхит өзі кеткенде жүгіріп жүрген Марат, Мар, Майдан деген үш баласының бәрі қайтыс болғанын сол жерде естиді. Қайғылы хабар қатты толқытқан күйші қолына домбырасын алып, екі көзінен жас парлап отырып, үш баласына деген сағынышын, ащы зарды екі шектен күй етіп төккен. Радиокомитет тарап, хор жабылғанда Мұхит филармонияға ауысады. Соғыста алған жарақаты сыр беріп, Қарағандыда тұру мүмкін болмайды. Жаңаарқа ауданының Ортау совхозына көшіп барады. Ауылшаруашылығында қызмет атқарады. Бірақ, жансерігі домбырасын тастамайды. Ауылдық мерекелерде, концерттерде күй тартып, халықтың көңілін көтереді. Жұбайы Ақын болса қазақ

хоры репертуарындағы әндерден бастап, Еңліктің ариясын, «Қыз Жібек» операсындағы Жібектің, «Ер Тарғын» операсындағы Ақжүністің ариясын ашық дауысымен (сопрано) сызылта шырқайды. Екеуі салтанаттың сәні, той-думанның көркі болады. Мұхит күй шертерде оның шығу тарихын айтып отыратын еді.

Ауылда жүрсе де, күйші Мұхиттың атағы алысқа кетеді. 1962 жылы оны іздеп, сонау Алматыдан Қазақ КСР Ғылым академиясынан музыка зерттеушісі, ғалым, домбырашы Танат Мерғалиев келеді. Ол Мұхиттың орындауында Құрманғазының «Перовский марш» (2-түрі), «Кедей зары», Сейтектің «Сексен ер», «Заман-ай» (2-түрі), Түркештің «Салық өлген», «Қоңыр ала», «Ақсақ құлан», Әкібастың «Ақжелең», «Шалқыма», Жантөренің «Шалқыма», Дүйсенғалидың «Таспау қара», Ыбырай Байсейітовтың «Нар қызыл», Мұхиттың «Үш балам», халықтың «Қазақтың қалмақ биі» және «Тепең көк» күйлерін жазып алады. Олардың біразы белгісіз болып келген немесе жария бола қоймаған еді. Бұл күйлер 1972 жылы Алматыдағы Қазақ КСР-ның «Ғылым» баспасынан Т.Мерғалиевтің авторлығымен шыққан «Домбыра сазы» атты музыкалық-этнографиялық жинаққа енді. 1990 жылы Алматыдағы «Өнер» баспасынан «Күй қайнары» жинағы жарық көрді. Мұнда аттары әйгілі Дина Нүрпейісова, Қали Жантілеуов, Науша Бөкейханов, Лұқпан Мұқитов, Оқап Қабиғожин, Әбікен Хасенов сияқты майталман күйшілердің орындаған күйлері жарияланды. Осындай майталмандар қатарында Мұхиттың суреті мен өмір дерегі беріліп, Сейтектің «Сексен ер» күйінің Мұхит орындаған нұсқасы басылып шықты. Қазіргі уақытта домбырашылар конкурсында Жантөренің «Шалқымасы» Мұхиттың орындаған нұсқасында беріледі. 1983 жылы Мұхит дүниеден өтеді. Артында Дана, Алма, Абай, Роза, Бауыржан, Клара деген балалары қалды. Әйелі Ақын 1998 жылы сексеннен асып қайтыс болды. Күйшінің өзі өлсе де, соңында мол мұрасы қалды. Күйшілік дәстүрдің Мұхитқа тән үлгісін қалдырып кетті. Қазақ радиосының алтын қорында 21 күйі сақтаулы. Оған ұқыппен қарап насихаттау, халықтың елігіне жарату біздің абзал міндетіміз.



ЖАҢЫЛ ҚАРТАБАЕВА

Қарағанды облысының Тельман ауданында 1916 жылы туған. Бастауыш мектепті бітірген. Әкесі жас кезінде қайтыс болған. Жаңыл бала күнінен өнерге әуестеніп, ауылдағы әнші-күйшілерді тыңдап, өзі де ән айтуға машықтанып, сахнаға шығуды армандап өскен. Домбырамен сүйемелдеп ән айтып, фестивальдарға, ән байқауларына жастайынан қатысқан.

Домбыраны жақсы меңгерген. Арманының жетегімен 1934 жылы Қарағандыда радиокомитетінің жанында ашылған хорға әнші болып орналасқан. Қали Байжановты, Қуан Лекеровты ұстазым деп, осы әншілерден көп тәлім-тәрбие алған. Хорда В.Пирагова сольфеджио, музыкалық сауат, вокалдан сабақ берген. Нота тану дәрежесіне дейін көтерілген. Мен бұл әртістермен қызмет істеген жылдары музыка училищесінің вокалистерінен дәріс алғандарын айтып отыратын. 1936 жылы Қарқаралының азаматына тұрмысқа шығып, сол жердегі колхоз-совхоз театрында драма әртісі болып жұмыс істеген. 1937 жылы Қарағанды қаласына оралып, хорға жұмысқа тұрған. 1940-43 жж. Қарағанды қаласындағы қазақ драма театрында да әртіс болып еңбек етті. 1951 жылы радиокомитеті Алматыға қоныс аударады. Жаңыл Қартабаева Қарағанды филармониясына әншілік қызметіне ауысқан. Филармонияның жұмысы ауыр, ылғи іс-сапарда жүреді. Ауыл тұрғындары, колхоз, фермаларда еңбек адамдарына концерт қояды. Көліктері жоқ, лаумен қатынайды, қыста ат шана, көктемде өгіз арба. Кейде трактор сүйреген шанамен жүрген кездері болғанын айтып отыратын. Жәкеднің ән қоржыны өте бай, жан-жақты болған. Ақан серінің «Құлагер» әнін әйел әншілердің арасынан жалғыз Жаңыл Қартабаева ғана орындаған. Халық әні «Жиырма бесті» шырқағанда сахна сыртындағы әртістер тына қалып тыңдайтындарын мен көп көрдім. Халық әндері, халық және кеңес композиторларының әндерін, С.Кәрімбаев, Ә.Еспаев, т.б. әндерін орындайтын. Филармонияда 1951 жылдан еңбек етіп, 1976 жылы зейнетке шығады. 1980 жылы өмірден өтті.



ҚОСЫМЖАН БАБАҚОВ

1891 жылы Ақмола облысы, Жақсы болысында өмірге келген. Жастайынан әнге құмар болып өскен. Домбыра тартуды үйреніп, ән айтуға машықтанған. Әнші болуды армандап, ауылдағы тойларда, тағы да басқа жиындарда әншілерді тындап, ән үйренген. 1932 жылы Қарағанды қаласындағы радиокомитеті хорына жұмысқа тұрады. Хорда істеп жүргенде сольфеджио, музыкалық сауатын ашып, нотамен ән айту деңгейіне дейін көтеріледі.

Борис Орловтың ұсынысымен Халық ағарту басқармасы қазақ мектептеріне ән сабағын енгізгенде, дайындығы мықты Қосымжанды да оқытушы ретінде жібереді. Филармонияның концерттеріне қатысып, ән айтып жүреді.

1938-40 жж. Алматыдағы қазақ филармониясының әншісі, 1941-43 жж. Алматыдағы радиокомитетіне әнші болып орналасады. 1943-49 жж. Ақмола қазақ драма театрында басшы болады. 1949 жылы Қарағандының филармониясына қайтып оралады.

Қосымжан Бабақовтың ән қоржыны өте бай. Халық әндері, халық композиторларының әндері көп болған. Өзі де ән шығарған композитор. Ақындығы да бар. Сол заманда завод, машина туралы ән көп болған. «Қос қанат», «Алтын таң», т.б. туындыларын филармония әншілері орындайтын. Қ.Бабақов басқаруындағы қазақ бригадасы облыстық колхоз-совхоздарды аралап, өнерлерін көрсетіп, концертпен көп шығатын болған. Құрамында Алтын Әлиева, Мұхит Битенов, Жаңыл Қартабаева, сиқыршы (оригинальный жанр) Ібірақым Өкпенев, концертті Зүлзира Укежанова жүргізген. Алпиев Георгий баянда сүйемелдеп, қазақтың халық әндері «Қамажайды», «Илигайды» орындаған. Қ.Бабақов филармонияда жұмыс істеген жылдары алтын қорға көп әндер жазғызған. Орындаушылық деңгейі өте жоғары еді. Дұрыс бағаланып, Қазақстанның халық әртісі атағы берілді.



ҚАЗЫБАЙ ЕСІМОВ

1912 жылы Семей облысы, Бесқарағай ауданында, №6 ауылда туған. Алты класс білімі бар. Жастайынан әнге құмар, әуестеніп, домбыра тартып өскен жас. 1933-35 жж. Оңтүстік Қазақстан облысы, Мерке ауданында зоотехник болып жұмыс істеген. 1935-37 жж. әскерге алынып, Отан алдындағы борышын абыроймен өткерген азамат. 1937 жылы Алматыдағы республикалық филармонияда вокалист болып қызмет етеді.

Мәскеуде өткен I декадаға қатысады. Қоңыр баритон дауысы бар әнші «Тілеуқабак», «Сұрша қыз» әндерін келістіре орындаған. 1941 жылы майданға аттанады. 1944 жылы жарақатына байланысты елге қайтарылған. 1944-47 жж. Алматыдағы Абай атындағы опера және балет театрында әнші болады. 1947 жылы Қарағанды филармониясының әншісі, 1949 жылы филармонияның директоры, 1951-54 жж. Ақтөбе филармониясының әншісі болып қызмет еткен. 1954 жылдан Қарағанды филармониясында зейнеткерлікке шыққанша жұмыс істеді. Қазақ бригадасымен Зәбира Жұбатова, Қосымжан Бабақов, Жаңыл Қартабева, Ақатай Көпбаев, т.б. әртістермен ауылдарға концертпен шығып тұрған. Ол кезде машина жоқ, ауылдан ауылға ат шана, ат арба, лаумен жүретін. Зейнеткерлікке шықса да, филармонияда жұмыс істеді, топтарды басқарып, администратор болып жүрді. Алтын Әлиева тобында конференсье, концерт жүргізуші ретінде сахнаға шығып жүрді. Ақын Мақсұт Байсейітов әртүрлі әндерге сықақ жазып беріп, Қ.Есімов баяншының сүйемелдеуімен орындайтын. Ол жылдары концерттің өтуі конференсьеге көп байланысты еді. Биші Ләйлә Хаджымұратоваға үйленіп, екі қыз бала тәрбиелеп өсірді. 1983 жылы шілде айының 3 жұлдызында өмірден озды.

ЛӘЙЛӘ ХАДЖЫМҰРАТОВА

1930 жылы Семей облысында дүниеге келген. 1937 жылы Алматы хореографиялық училищесіне оқуға түсіп, 1946 жылы ойдағыдай бітіріп шыққан. Училищені алғашқы бітіруші ретінде суреті осы оқу орнында ілініп тұр. 1947-49 жж. Қарағанды қазақ драма театрында балет әртісі болып жұмыс істеген. 1949 жылы Қарағанды облыстық филармониясына биші болып орналасып, зейнетке шыққанша қызмет жасаған.

Ләйлә атақты Шәкен Айманов пен Кәукен Кенжстаевтың немере қарындасы. Өнері қазақ еліне жайылған ортадан шыққан оперпаз. Филармонияның директоры болған әнші Қазыбай Есімовпен тұрмыс құрған. Екі қыздың анасы. Үлкен қызы Қаламқас ағылшын тілі маманы, екінші қызы Қарлығаш фортепиано пәні мұғалімі. Қазір Нұр-Сұлтанда тұрады.

Л.Хаджымұратова 2014 жылы шілде айында өмірден озды.



АҚАТАЙ КӨПБАЕВ

1920 жылы Семей облысында дүниеге келген. Орта мектепті бітірген соң 1939 жылы Алматыдағы П.И.Чайковский атындағы музыка училищесіндегі вокал бөліміне түсіп, қосымша радиокомитетте солист-әнші болып жұмысқа орналасқан. Соғыс басталғанда майданға аттанды. 1945 жылы елге оралған. 1947-48 жж. радиокомитетте әнші болып қызмет істеген. 1948 жылы Қарағанды облыстық филармониясына әнші болып орналасты.

Әдемі тенор даусы бар Ақатай қазақтың халық әндерін, қазақ-кәсіс композиторларының әндерін, опералардан ариялар, орыстың романстарын өте шебер шырқайтын. Филармония әншілері Е.Брусилловскийдің «Қыз Жібек» операсын орындағанда, Ақатай Төлегеннің ариясын шебер айтқан. Меделхан Исмағанбетов Бекежанның образын сомдаған. А.Көпбаев пен М.Исмағанбетов қазақ-орыс әндерінен дуэт орындайтын. Дж.Вердидің «Риголетто» операсынан Герцогтың ариясын қазақ тілінде айтатын. Ақатайдың ән қоржыны өте бай еді. Қазақ, орыс халық әндері, халық композиторларының, ағабуын – Ә.Еспаев, С.Кәрімбаев, М.Төлебасвтың

шығармалары репертуарында мол болатын. 1960-70 жж. Ә.Бейсеуовтың әндерін әдемі айтатын. А.Әлиева мен З.Жұбатова бригадасының администраторы қызметін қоса атқарды. Кейінгі жылдары «Гэкку» ансамблінің администраторы бола жүріп, әншілікті де алып жүрді. Мнәуар Абдулина екеуі тұрмыс құрып, 1 ұл, 1 қыз тәрбелеген.

1990 жылдардың ортасында «Қазақстан» қонақ үйінде қосалқы жұмыс істеп жүрген. Зейнетақысы шамалы болғандықтан шығар. Іздеп барып, таппадым. 2002 жылы қыркүйек айының 20 жұлдызында дүниеден өтті.

МНӘУАР АБДУЛИНА

1919 жылы Қазан қаласында туған. Мектепті бітірген жас қыз оқуға түсу үшін Алматы қаласына келеді. Театр училищесіне түсіп, ойдағыдай бітіріп шығады. 1937-38 жж. Алматыдағы өнер ісі басқармасында жұмыс істейді. 1939-41 жж. Мәскеу қаласындағы Бүкіл-одақтық киномотография институтында оқиды. 1941-44 жж. Павлодар облыстық драма театрында қызмет жасайды. 1944-46 жж. Қарағанды облыстық филармониясында көркемдік жетекші қызметін, 1949 жылы қазақ драма театрында директордың орынбасары қызметін атқарады. 1954 жылы қазақ драма театрында актриса болады. Осы жылы филармонияға режиссер болып келеді. Қазақ бригадасымен ел аралап жүргенде конференсье, көркемсөз оқушы жұмысын атқарады. 1960 жылдардың аяғында «Родина» кинотеатрының (қазіргі Сити Мол сауда орталығы) директоры болады.

Ахатай Көпбаев екеуі ерлі-зайыпты, филармонияда бірге жұмыс істеген. 1 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсірді.

НИКОЛАЙ ТОРНЕР

1918 жылы туған. Қызмет еткен жылдары жайлы ақпаратты архивтен табу өте қиын болды. 1940 жылдардың аяғында Қарағанды облыстық филармониясына әнші болып орналасқан. Репертуарында орыс халық әндері, романстар, опера үзінділері өте көп болған. М.Есмағанбетовпен және А.Көпбаевпен дуэттер орындаған. Қазақ бригадасының құрамында елге шығып, өнерін көрсеткен әнші.



РАЙХАН ҚҰРБАНОВА

Алматы қаласында 1920 жылы дүниеге келген. Мектеп бітірген соң, 1935-39 жылдар аралығында Алматы музыка училищесінде оқыған. 1939 жылы жолдамамен Мәскеу консерваториясына түсті. 1941 жылы Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына байланысты, оқуын толық аяқтай алмаған. 1941-45 жылдары Алматы радиокomiteетінде жұмыс істеген. 1945 жылдан Қарағанды облыстық филармониясының әншісі болып қызмет етті.

Архивтегі деректерде жолдасы, екі баласы, шешесі – барлығы үлкен отбасы болып тұрғандығы айтылады. Құжаттағы деректерде солай жазылған. Дауысы өте жоғары, «колораторное сопрано». «Қыз Жібек» операсынан үзінді көрсетілгенде, Жібектің ариясын орындаған әнші. «Аршын-Мал-Алан» операсынан үзінді қойылғанда, Гүлшараның рөлін сомдаған. И.Дунаевский, Н.Покрастың вальстарын өте шебер шырқаған. Облыстық филармония әртістермен елге шығып, дикан, малшы, еңбек адамдарына өнерін көрсеткен. Қарағанды қаласындағы мерекелік концерттерге қатысып, арияларды, романстарды, халық әндері және халық композиторларының шығармаларын А.Гуревичтің фортепианода сүйемелдеуімен, ел аралағанда баянның сүйемелдеуімен ән айтқан.



ҚАБИРА ЖЕТІМТАЕВА

Қарқаралыда 1917 жылы өмірге келген. 5 класс білімі бар. Жастайынан өнерге бейім болып өскен, ән тыңдап, үйренуге көп көңіл бөлген. 1936-38 жж. облыстық қазақ театрында драма әртісі болып істеген. Осы театрда аға-апа әріптестерінен көп үйренген. Жолдасы Жабай Жетімтаев қазақ драма театрының директоры еді. Ол 1942 жылы майданға аттанып, 1943 жылы соғыста қайтыс болған.

Қабира 1940 жылдары филармонияға әнші болып орналасады. Архивтегі құжаттардағы өмірбаян парақшасында «3 балам бар» деген мағлұмат жазылған. Қ.Жетімтаева жолдасы Ж.Жетімтаевтың майданда қайтыс болуына байланысты берілетін жәрдемақыны ала алмай жүргенін де жазады. Бір қыз баласы 1965-67 жылдары қазақ драма театрында актриса болады.

Қабира филармонияда қазақ бригадасының құрамында ауылдарға шығып өнер көрсетіп жүрген әнші. Дауысы сопрано. Ән қоржынында өзбек, татар, т.б. ұлттар әндері көп болған. Л.Хамидидің «Қазақ вальсі», Ә.Еспаевтың «Маржан қыз», қазақ, орыс халықтарының әндерін орындаған. Гастрольден келіп, қаладағы концерттерде, кәсіпорындарда, шахтерлердің алдында, мерекелік шараларда А.Гуревичтің сүйемелдеуімен ән шырқаған.

Қ.Бабақов, Ж.Тоғандықов, З.Жұбатова, А.Әлиева. І.Өкпеносынды атақты өнерпаздармен филармонияда бірге еңбек еткен.



ІБІРАҚЫМ ӨКПЕНОВ

Қарағанды облысы, Шет ауданында 1905 жылы туған. Бастауыш мектеп деңгейінде білімі бар. Ташкент циркіне сиқыршы (оригинальный жанр) болып жұмысқа тұрған. Циркте қатардағы әртіс болды. Дарында жас икемі мол, ары қарай өзі орындау қабілетіне жеткен. Атақты Қажымұқан екеуі бірге жұмыс істеген. Қажымұқан қолдау көрсетіп, атақты палуанның камкорлығында болған.

Ібекеңнің туа біткен гипноздығы өте күшті еді. Ары қарай дамытып, сахна өнерінде қолданған. Бірақ, шектен шықпаған. Бір мысал, колхоз басқармасы «Сенің қолыңнан не келеді? Тұрған атты бір ұрып құлатады дейді ғой. Менің атымды құлатшы» дейді. І.Өкпеносынды аттың мойнынан сипап тұрып, күре тамырдан қатты ұрып жібергенде, жануар құлап түскен. Осы секілді мысалдар көп.

1949 жылы Қажымұқан қайтыс болады. Ібірақым 1950 жылы Қарағанды облыстық филармониясына оригинальный жанр әртісі болып орналасады. Ол қазақ тобымен елге шығып, өнерін көрсетіп, халықтың арасында жүрген әртіс.

Ібірақымның репертуары күрделі де қызықты болатын:

1. Таинственный ящик
2. Китайские кольца
3. Чашка рисовая
4. Сачек бархатный
5. Лейка
6. Шар деревянный
7. Секретный плагод
8. Таинственная рюмка
9. Исчезновение
10. Появление и превращение предметов.

1965 жылы зейнеткерлікке шығып, 1968 жылы өмірден озды.

Шет ауданындағы Қызылқой елдімекенінде жерленген.

МҰҚАН ЕСУПОВ

1930 жылы Семей облысы, Новопокровский ауданында туған. Орта мектепті бітірген соң, отбасы Қарағанды қаласына көшіп келген. Жастайынан ән айтуға, домбыра үйренуге әуестеніп өскен. Порхоменко зауытында жұмыс істеген. 1956 жылы көркемөнерпаздар концертіне Күләш Байсейітова қатысып, Абай атындағы опера және балет театры студиясына балаларды іріктеп алған.



Мұқан студияға атақты опера бұлбұлының таңдауымен келген. Атақты композитор Мыңжасар Маңғытаев, Базарбай Жұманиязов, бәрі бірге оқыған. Ғарифолла Құрманғалиев ағамыз «маған шәкірт бол» деп өзінің классына қабылдаған. Құрманғазы оркестріне, басқа да өнер ұжымдарына сапалы аспап жасаған шебер Э.Романенкоға домбыра істеткізіп, Мұқаңа сыйлаған.

1958 жылы студияны бітірген жас маман Қарағанды облыстық филармониясына әнші болып орналасады. Қарағандыға жаз ортасында келген еді. Әртістер ел аралап кеткен. Сикыршы Ібірахым Өкпенев екеуін Ұлытау өңіріне жібереді. Ауданнан бір киномеханик қосып береді. Үшеуі қойшыларды аралап, өнер көрсетті. Кино қояды, Ібекен сикырын көрсетеді, Мұқан домбырамен ән айтады, концерт жүргізеді, тәркемсөз оқиды, конференсье қызметін атқарады. Осылайша жас әнші З.Жұбатова, М.Көшкімбаевпен бірге ел аралап, концерттерге

шығып жүреді. А.Әлиеваның бригадасында конференсье, өзі де оригинальнй жанр (сиқыр) жасап жүрді. Сиқыр жанрын І.Өкпеновтен үйренген еді.

1958 жылы Мәскеуде өткен ІІ декадаға қатысқан. Күлдіргі әндерді көп орындайтын. Кейде орысша частушка да айтып жіберетін. Әйелі Өскеменнің орыс ұлтының қызы. Төрт перзенттері болған. Филармонияның айлығы шайлығына жетпейді, жұбайы жұмыс істемеген. Отбасы жағдайымен 1971 жылы филармониядан жұмыстан кетіп, бір совхозға жабдықтаушы болып орналасы.

2010 жылы Мұқан Есуловтың 80 жылдығына концерттік бірлестік басшысы Т.Ыдырысов сый-сияпат көрсетіп, шапан жауып, құттықтады. 2013 жылы 15 қарашада филармония (қазіргі Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестік) мұражайының ашылуына қатысып, лентасын қиды. Қара домбырасын мұражайға тарту етті. 2014 жылдың қаңтар айында 2-3 күн ауырып, өмірден өтті. Артында 5 баласы, 10 шақты немере-жиендері қалды.

МЕДЕЛХАН ИСМАҒАНБЕТОВ

Солтүстік Қазақстан облысында 1916 жылы туған. Алты жасынан бастап Петропавл қаласындағы балалар үйінде тәрбиеленген. Тоғызыншы класс бітіргенге дейін балалар үйінің қамқорында болған. 1932-33 жж. Алматы қаласындағы Ауылшаруашылық институтында оқыған. 1935-41 жж. Мәскеу консерваториясына жолдамамен оқуға жіберілді. Вокал, композитор және дирижер мамандықтары бойынша білім алды. Вокал бөлімін ойдағыдай бітіріп, опера әншісі мамандығын алып шыққан. Соғыс басталып кетіп, майданға аттанғандықтан, композитор, дирижер мамандықтарын оқып бітіре алмады. Сұрапыл соғыстан кейін, 1950 жылы Қарағанды облыстық филармониясына әнші болып жұмысқа қабылданды.

Меделханның әншілік деңгейі өте жоғары. Тенор, баритон партияларын қоса айтқан. Қарағандының облыстық филармония әртістері Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсынан үзінді орындағанда, Меделхан Бекежанның ролін сомдаған. «Аршын-Мал-Алан» операсынан «Әскер және Гүлсара» сахналық көрінісінде Әскердің партиясын шырқады. Ақатай Көпбаев тенор, Меделхан Исамағанбетов баритон – екеуі қосылып қазақ және орыс әндерінен дуэт құратын. Бір концертте Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсынан Төлегеннің ариясын (тенор), Бекежанның ариясын (баритон) өзі жалғыз шырқап шыққан. Дауысы өте ерскше болған әнші. Н.Торнер (тенор), М.Исамағанбетов

(баритон) екеуі орыс халық әндері мен опера үзінділерін дуэтпен орындайтын еді.

Қарағанды облысының кәсіпорындарын, елдімекендер, колхоз-совхоздарда еңбекшілер арасында концерт қойып, өнерін көрсеткен әртіс.

НАҒИМА ӨСЕРБАЕВА

Семей облысы, Зайсан қаласында 1912 жылы өмірге келді. 1928 жылы мектепке барған. Жеті класстық білімі бар. 1934 жылы 15 желтоқсанда Алматы қаласындағы қазақ драма театрына орналасты. 1935 жылы Семей қаласындағы қазақ драма театрының әртісі. 1936 жылы Қарағанды қаласының облыстық қазақ драма театрына келеді. 1937 жылы Ақмола облысындағы қазақ драма театрында жұмыс істейді. 1947 жылы 29 желтоқсанда Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі атағын алады. 1949 жылы Қарағанды облыстық қазақ драма театры мен облыстық филармонияға жұмысқа ауысқан.

Ән қоржыны халық әндері мен халық композиторларының туындыларына бай болған. Орыс халық әндерін де шебер орындаған. Меделхан Исмағанбетов, Ақатай Көпбаев, Қосымжан Бабақовпен Қарағанды жұртшылығына, шахталарда, кәсіпорындарда, колхоздарда, еңбек ұжымдарында өнерін көрсеткен әнші.

РАХМЕТЖАН ИБРАЕВ

1900 жылы Қарағанды облысы, Қу ауданы, Жаңатас ауылында дүниеге келген. 1930 жылға дейін колхозшы болып жұмыс істеген. 1931-32 жж. Кемерово қаласындағы Кольчуга заводында жұмысшы. 1936 жылдары Алматы қаласындағы қазақ драма театрының, 1937 жылы Қарағанды қаласы радиокомитетінің, келесі жылы облыстық филармония әншісі. Репертуарында қазақ халық әндері, халық композиторларының туындысы мол еді.

ЗҮЛЗИРА УКЕЖАНОВА

1918 жылы Семей қаласында туды. 1951 жж. Алматыдағы ұлттық консерваторияны бітірген. Сол жылы наурыз айының 1 жұлдызында Қарағандыдағы облыстық филармонияға орналасқан. Зүлзира сопрано дауысы бар әнші. Филармония әншілерімен бірге ауылдарға шығып, өнерін көрсетіп жүрді. Қосымжан Бабақов пен Ібрахым Өкпеновтың бригадасымен еңбек адамдарына, қыста жылы аймақтарда, оңтүстік өңірде, жазда орталық, солтүстік облыстарда,

колхоз-совхоздарды аралап, концерт қойып, өнерін көрсеткен артист. Ән айтумен қатар, конференсье, концерт жүргізеді. Ол уақытта концерттің жақсы өтуіне көп әсері болған. Көркемсөз оқыған, сықақ, скетч айтқан, жан-жақты өнер иесі. Латиф Хамидидің «Қазақ вальсі», Манарбек Ержановтың «Қуанамын», Салық Кәрімбаевтың «Жетісу» және қазақ, орыс халық әндері репертуарында мол болған.

ҚҰРМАШ РАХЫМБАЕВ

Қарқаралыда 1927 жылы өмірге келген. Тоғыз класс білімі бар. 1942-43 жж. Омбы қаласындағы музыка мектебінде оқыды. 1946-47 жж. Қарқаралы халық театрында жұмыс істеген. 1947 жылы Қарағандыдағы Порхоменко заводында жұмысшы. Осы жылы Қарағанды облыстық филармониясына баянист болып орналасқан.

Жол сапарға шығып, колхоз-совхоз еңбеккерлерін аралап, бригада әртістерімен өнерін көрсеткен. Баянда жеке орындаушы ретінде әнші-бишілерді сүйемелдеген. Әншілермен репертуар тандап, жаңа әндерді үйретеді. Тональності дұрыс алуға көп көңіл бөледі. Баянисттің міндетіне осындай жұмыстар тапсырылған. Құрмаш өзіне берілген жұмыстарды абыроймен атқарды.



НИКОЛАЙ КОНСТАНТИНОВИЧ КИМ ДО НЮР

1923 жылы Қиыр Шығыстағы Бекин қаласы, Бекинский ауданында туған. Ұлты кәріс. Орта білімі бар. Қиыр Шығыстан кәрістерді қоныс аударғанда Қазақстанға, Қарағанды облысына келген. 1952 жылы филармонияға орналасты. Эстрада-цирк тобын құрған. Қарағанды облыстық филармониясында жиырма жылдай еңбек еткен. Бұл жылдары оригинальный жанр (сиқырша) қатты дамып жатқан еді.

Кимнің бір ерекшелігі – бір концерт бағдарламасын екінші рет қайталамай, жаңа бағдарлама даярлайтын өнер адамы. Қазақстанның бар облыстарын, қалаларын, совхоздарын аралап өнер көрсеткен. З.Жұбатова, А.Әлиеваның топтарында жұмыс істеді. 1970 жылдары директор орынбасары қызметіне ауысты, кәсіподақ комитетіне басшылық жасады.

Мәдениетті, адамгершілігі мол азамат еді. Жалғыз ұлы Мәскеудегі М.Ломоносов атындағы ММУ-да оқыған. Ұмытпасам, математик болатын.

Ким До Нюр 1983 жылы 25 қазанда өмірден озды.



ЖАБАЙ ТОҒАНДЫҚОВ

1889 жылы Баянауыл өлкесінде өмірге келген. 1914-16 жж. I Дүниежүзілік соғыста Жабай да қазақтың жас жігіттерімен бірге окоп қазуға аттандырылды. Одан келгеннен кейін 1918 жылы Жұмат Шаниннің көркемөнерпаздар труппасында болған. 1932 жылы Қарағанды облыстық радиокомитетіне орналасқан. Хорда жұмыс істеп жүргенде сауатын ашқан, нота танытын деңгейге жеткен.

Филармонияның әртістерімен орта мектептерде халық әндерін насихаттау жұмысы қолға алынғанда топтарға бөлініп, аралап концерт қойған, ағарту жұмысымен айналысқан. 1936 жылы Мәскеуде өткен I декадаға қатысқан әнші. Соғыс жылдары мәдениет үйлерінде, зауыттарда, шахталарда концерт қойып, еңбекшілер арасында соғыс ауыртпашылығын қоса көтерген әнші.

1945 жылы ақпан айында Қазақ КСР еңбек сіңірген әртісі атағын алған. Қали Байжановты ұстаз тұтқан. Жабайдың ән қоржынында қазақ халық әндері, халық композиторларының әндері мол болған. Алтын қорда әндері сақтаулы. 1978 жылы 89 жасында өмірден өтті.

Ұлы Түсіп медицина университетін бітіріп, хирург еді. Қызы Рәбиға Жабоева Қарағандының облыстық телеарнасында көп жыл режиссер болды. Қазір зейнетте. Ғазиза атты қызы ұстаздық қызмет етті. Жабай Тоғандықов оншақты немере-жиен көрді.

2019 жылы немере, жиендері Жабай Тоғандықовтың 130 жылдық еске алу тойын Баянауылда атап өтті.

КЕНЖЕГҮЛ СЫЗДЫҚОВА

1940 жылы дүниеге келген. Орта мектепті тамамдаған. Әншілік өнерге жастайынан тәнті болып өсті. Көркем-өнерпаздар үйірмесіне қатысып, ән айтып, әнші болуды армандаған. Украинаның Киев қаласындағы консерваторияға түсіп, вокал факультетін ойдағыдай бітірді. Қарағандының облыстық филармониясына әнші болып орналасты.

Қазақ бригадасының құрамында диқандарды, малшыларды, ауыл еңбеккерлерін аралап, өнерін көрсеткен. Ән коржынында Ақан сері, Жаяу Мұса, Мәди, Естай, т.б. халық композиторларының туындылары және халық әндері, Кеңестік Қазақстан композиторлары С.Кәрімбаев, Ә.Бейсеуов, т.б. шығармалары болған.

Қали Байжанов жас әншілерді үлкен өнерге баулып, үлгі-өнеге көрсетті. Бұл жөнінде академик А.Жұбанов «Замана бұлбұлдары» кітабында жазды. «Қалидың алдын көрген шәкірттеріне оның дарыны дарып, шапағаты тиді. З.Жұбатова Қазақстанның халық әртісі, А.Әлиева мен К.Сыздықова Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі атағына ие болды».

Кенжегүл апамыз Әміре Қашаубаевтың басына құлпытас қойған қазақтың қайсар қызы.

1991 жылы Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі атағына ие болды. 2003 жылы өмірден озды.



ҚАЙНЫКЕН ӘЛІМБАЕВА

1926 жылы Қарағанды өңірінде дүниеге келген. 1944 жылы Қарағанды облыстық филармониясына әнші болып орналасты. Екі жылдай Қарқаралы драма театрында үйірме жетекшісі болған. 1947 жылы филармонияға қайтып оралды. Қазақ тобымен ауылдарға шығып, диқандарға, еңбекшілерге, халық арасында концерт қойып, өнерін көрсеткен.

1956 жылы қазақ драма театрына ауысып, зейнетке шыққанша сонда еңбек етті. Сахнада Қыз Жібек, Баян Сұлу, Ғалия-Бану, Еңлік, Толғанай рольдерін сомдаған. 1962 жылы Қазақ КСР еңбек сіңірген әртісі атағын алған. 1971 жылы Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері болды. 2004 жылы өмірден озды.



ШОРА АЛИШЕВ

Алматы қаласында 1940 жылы туған. Балалар үйінде тәрбиеленген. 1954 жылы Алматы хореография училищесіне оқуға түсті. 1961 жылы бітіріп, жолдамамен Қарағанды облыстық филармониясына биші (балет) болып қызметке орналасқан. З.Жұбатова мен А.Әлиеваның бригадасында жұмыс істеді. Матрос биі, молдаванның Жок биі, қазақтың Қаражорға билерін өте шебер билейтін. Ол жылдары қазақ жігітінің хореограф болуы өте сирек еді.

Қазақстанның барлық өңірін аралап, өнерін көрсетті, халықтың үлкен ілтипатына бөленді.

Украин ұлтының қызына үйленді. Бір ұлы өмірге келді. Аурушаң болатын. Шора Қызылорда облысында гастрольде жүргенде, сәбиі шетінеп кетті. Дәрігерлер «Алматы немесе Украинада тұрмасаң, нәрестелерің шетінсі береді» деп кеңес берген еді. Отбасы жағдайымен 1971 жылы Алматыға қоныс аударды. Ол жақта ән-би ансамблінің құрамына кірді. 70 жылдар аяғында Жезқазған қаласына ән-би ансамблінің құрамымен келіп жүрді.

Ш.Алишев ақкөңіл, аңқылдаған азамат еді, орысшасы басым болатын.



ТАКЕНОВА НҮРСҰЛУ (НҮРҒАЙША) ҚАЛЫМҚЫЗЫ

1950 жылы 24 мамырда Омбы қаласында өмірге келген. №57 мектепте бастауыш класста оқыған. Отбасы Қарағандыға қоныс аударып, әкесі Костенко шахтасына жұмысқа орналасқан. Тұрмыстық жағдаймен Ақтоғайға көшіп, 1965 жылы 8 класс бітірген соң, Нұрғайша Майқұдықтағы «Завод 100» мекемесіне жұмыскер болып орналасты. Қаладағы көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысып, ән айтып жүрген.

1968 жылы бір байқауда жүлделі орын алып, филармонияның ұсынысымен әнші болып келді. А.Әлиеваның бригадасында қызметістеді. Ол жылдары Қазақстанның бүкіл елді мекендерін аралап, қыста жылы жаққа, жазда орталық Қазақстан, солтүстік облыстарда концертпен болатұғын.

Ол кезде әншілер Ә.Бейсеуовтың, Е.Хасанғалиевтің, басқа да композиторлардың жаңадан шыққан әндерін радиодан естіп, бірден ән қоржынына қосатын. Баянның сүйемелдеуімен шырқайтын. Нұрғайша «Әселім» әнін баяншылар нотасыз қарамаймыз деген соң, маған келді. Мен домбырамен баяншыларға ойнап, нотасын анықтап, репертуарына қосқан еді. 1971 жылы жазда Қарағандыда «Гэкку» ансамблі құрылды. Құрамында Алматыдағы эстрада-цирк студиясын бітірген жастар. Ансамбль бүкіл Қазақстанды аралады. Көршілес мемлекеттер Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей жерлерінде өнерін көрсетіп жүрді. Н.Такенова «Гэккудің» белді әншісіне айналды.

Келешегінен көп үміт күттірген әнші қызымыз 1976 жылы өз тойына дайындық үстінде қайғылы жағдайда көз жұмды. Теледидар қосып, кино көріп, үй әктеп жүрген Нұрғайшаны жалаңаштанған тоқ сымы соғып, өмірден озды. Артында жалғыз шешесі қалды.



АЛЕКСАНДР ИВАНОВИЧ ЗАВЬЯЛОВ

Ресейдің Краснодар өлкесінің Алгаев селосында 1931 жылы 1 тамыз күні дүниеге келді. Екі жасында отбасы Ленинград қаласына қоныс аударған. Соғыс басталғаннан 1943 жылға дейін Ленинград блокадасында болған. Сібірдің Кемерова қаласына эвакуацияланған. 17 жасында Кемерованың кірпіш зауытында жұмысшы, 1952-53 жж. энергомонтаж кәсіпорнында жұмыскер еді.

Кемерова музыка мектебін оқып бітірген соң, сол жердегі филармонияда 1 жыл сңбек етті.

Қарағандыға 1953 жылы көшіп келді. Концерттік эстрада бюросында жұмыс істеген. 1954 жылы Қарағанды облыстық филармониясына

аккордионист болып жұмысқа орналасты. Қазақ бригадасында әншілерді сүйемелдеді, жеке орындаушы ретінде «Қосалқа», «Балбырауын» күйлерін өте шебер орындайтын. Баяншы Василий Дворников екеуі «Біржан-Сара» операсындағы «Соқыр Есжан» күйіне өңден жазылған биді орындағанда, халықты тамсандыратын. Александр сол уақыттың қиындығын басынан өткерді. Концерт қойып жүргенде, ат шанамен, арбамен, лаумен, ел аралап, өнерін көрсетіп, халықтың алғысына ие болды.

Филармонияның бишісі Хадиша Қайнарбаева екеуі отбасын құрды. Бір қызы болды. Әйелі аурушаң болғандықтан, көп сапарға шыға алмай, үйде бала тәрбиесімен айналысты.

1980 жылы Александр филармониядан өз еркімен кетті. Өмір бойғы жол сапар қажытқан болуы керек, басқа салаға жұмысқа ауысты. Зейнетке шыға алмады. 1990 жылы 13 тамызда (59 жасында) өмірден озды. Архивтен, азаматтық хал актілерін жазу орталығынан жұбайы туралы деректерді анықтау мүмкін болмады. Басқа жаққа қоныс аударып көшіп кеткен болуы керек.



ХАДИША ҚАЙНАРБАЕВА

1941 жылы Алматы шаһарында туды. Ұлты түрік. 1951-52 жж. Ленинградтағы хореография училищесінде оқыған. Алматы қаласындағы хореография училищесінің алты классын бітірген. 1955 жылы Жамбыл облыстық филармониясында биші болды. Осы жылы Қарағанды облыстық филармониясына бишілік қызметке келді. Аккордионист А.Завьялов екеуі тұрмыс құрған. Бір қыз сүйді.

1960 жылдардың ортасында Хадишаның денсаулығы сыр беріп, би өнерін қойып, сауда жағына ауысты. Ол қазақ, түрік, орыс, француз тілдерін білген еді.



ВАСИЛИЙ ЕВГЕНЬЕВИЧ ДВОРНИКОВ

1926 жылдың 9 қаңтарында Ресейдің Свердлов облысында өмірге келген. 1942-43 жж. Азбеста қаласында жұмыс істеген. 1943 жылы И.П.Чайковский атындағы музыка училищесіне түскен. Осы жылы әскер қатарына шақырылды. 1947-57 жж. Свердловск қаласында әскери ансамбльде істеген. 1957-58 жж. Қазақстанның Кокшетау қаласындағы эстрада-концерт бюросында істеген.

1958 жылы Қарағанды облыстық филармониясына баяншы болып орналасты. Нотаны бірден оқып кету қабілеті өте жоғары еді. А.Әлиеваның бригадасында әншілерді сүйемелдейтін. Әртістермен көп еңбек жасады. Бригада құрамындағы қобызшылар мен домбырашылар классикалық шығармаларды орындағанда, Василий баянмен сүйемелдейтін.

Өз отбасын құрған жоқ. Әке-шешесі қолында болды. 1994 жылы 22 қазанда өмірден өтті.

РАМЗИЯ ХАФИЗҚЫЗЫ ГУСНУЛИНА

1929 жылы Петропавл қаласында дүниеге келді. Татар ұлтының қызы. 9 класс білімі бар. Жастайынан өнерге құштар, әртүрлі үйірмелерге қатысқан. Биге әуестеніп өсті. 1950 жылдары Қарағанды облыстық филармониясына биші болып орналасқан. Қазақ бригадасының құрамымен Қарағанды қаласының кәсіпорындарында, шахта жұмысшыларына өнерін корсетті. Рамзия әртүрлі, әр халықтың билерін билеп, халықтың қошеметіне бөленді. Бимен қатар, әншілік өнері де болған. Облыстық филармония әртістері Е.Брусилковскийдің «Қыз Жібек» операсынан үзінді қойғанда, Дүрия ролін Р.Хуснулина сомдаған. Әдемі дауысы бар еді. Бригада елге шыққанда, Рамзия да сол құрамда болатын. Сол уақыттың бүкіл қиындығына төзіп, өнерін елге паш етіп, қызмет жасаған биші.

ГҮЛЖАМАЛ САДУАҚАСҚЫЗЫ ИСАБЕКОВА

Гүлжамал Садуақасқызы 1937 жылы Павлодар облысы, Құлбек ауданында өмірге келген. 1951-58 жж. Алматы хорсографиялық училищесінде оқыған. 1958 жылы Павлодарда жұмыс істеген. Сол жылы Қарағандының облыстық филармониясына биші болып орналасқан. Филармония әртістерінің тобымен елге шығып, концерттер

қойып, Қарағанды шахталарында, Теміртау магнитка құрылысшыларына, мектептерде, орта және жоғары оқу орындарында өнерін көрсеткен. Қайнарбаева Хадиша екеуі бірге билеген. Қазақтың «Балбырауын» күйіне қойылған, молдаванның «Жок» атты, т.б. билерді шебер орындаған биші. 1960 жылдардың аяғында облыстық қазақ драма театрына ауысқан.

ФЕНДЗЕЛЯУ АЛЕКСАНДР ГУСТАВОВИЧ

1917 жылы 7 қарашада Бурят-Моңғол автономиялық республикасында Баргузия қаласында дүниеге келген. 1931 жылы 7 класс бітірген. 1937-39 жж. Ресейдің Свердлов қаласындағы театр училищесінде оқыған. 1939-40 жж. әскери аймақта жұмыс істеген. 1940-43 жж. Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1943-46 жж. Ангату кентінде жұмыс істеген. 1946-48 жж. Қарағанды қуыршақ театрының әртісі. 1948 жылы облыстық филармонияға әртіс және қуыршақ театрының администраторы болып орналасты. Өнері жан-жақты, жақсы биші де болған. А.Әлиеваның тобында елге шығып, совхоз-колхоздарда, ұжымшарларда өнерін көрсеткен биші. И.Брамстың «Венгер», Г.Глиэрдің «Матрос», орыстың «Яблочка», т.б. ұлттардың билерін өте шебер орындаған. Ел аралағанда аккордсоншы А.Завьялов сүйемелдеген, қаладағы концерттерге қатысқанда А.Гуреевич фортепианода сүйемелдеген.

Өмірден ерте кетті. Соғыста алған жарақаттары сыр беріп, кейінгі жылдары көп ауырып жүрді. 1970 жылы шілде айында өмірден озды. Балалары, немерелері Қарағанды қаласында тұрады.



Суретте Қарағандылық Бурят әртістері (Билеуі еңке қарай) В.Боканов, А.Васильев, Қазақ ССР-іне жіберілген әртісші А.Әлиев, М.Дулзья, Хадиша қатарда А.Фендзеляу, А.Завьялов айналасы.

Суретті түсірген Г.Степанов.

НАУАН АМАНДЫҚОВ

Науан 1918 жылы Батыс Қазақстан облысында, Фурманов ауданында дүниеге келген. Орта білім алған соң, 1955 жылы Құрманғазы атындағы ұлттық консерваторияны хор дирижері мамандығы бойынша тамамдаған. Сол жылы Қарағанды облыстық филармониясына көркемдік жетекші болып жұмысқа орналасады. 1969 жылы жұмыстан босап, Қарағанды музыка училищесінде ұстаздық етті. Кейінгі жылдары өзінде оқыған студент қызға үйленді. 1978 жылы 22 наурызда өмірден өтті. Әйелі жерледі.

Филармонияда бастық екеуі тіл табыспады. Сол кездегі бастық П.И.Яновицкийде музыкалық білім жоқ еді, ал Науан жоғарғы музыкалық білімі бар маман болған. Осы айырмашылық екеуінің ортақ тіл табуына кедергі келтірді.

Науан Амандықовтың жалғыз қызы консерваторияны бітірген, кәсіби музыкант.

МҰСЫЛМАНОВА БАНУ (ПАНУ)

Семей облысы, Риддер қаласында 1920 жылы дүниеге келген. Жастайынан балалар үйінде тәрбиеленген. 1935 жылы Қарағанды қаласына келді. 18 жасында тұрмыс құрған. 1940-42 жылдары Қарағанды облыстық типографиясына жұмыс істеді. 1945-51 жж. облыстық радиокомитетте қызмет жасады. 1951 жылы филармонияға әнші болып орналасқан. Бану қазақ, орыс халық әндері, халық композиторларының әндерін және қазақ-кеңес композиторлары С.Кәрімбаев, Л.Хамиди, М.Төлебаевтың шығармаларын шебер орындайтын әнші. А.Әлиева бригадасымен ел аралап, өнер көрсеткен. Алтын екеуі дуэт айтатын.

Архив құжаттарына қарағанда (өмірбаяны) «радиокомитетте істеген жылдары оқуымда жалғастырдым, жан-жақты өз деңгейімді көтердім, коммунистерше тәрбие алдым» деп жазыпты. 1949 жылы Халық сотының құрамында болған, 1950 жылы қалалық кеңесте депутатқа сайланған. Жолдасы, екі баласы болған.



МАҒАУИЯ ХАМЗИН

1927 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай өңірінде туды. Орта мектепті бітірген соң, Алматыдағы музыка училищесіне түскен. 1950 жылдары Қарағанды облыстық филармониясына домбырашы болып қызметке кірген. Шертпе күйдің шебері А.Әлиева, З.Жұбатованың бригадасында өнерін көрсетті. Қ.Бабақов, І.Өкпенев, тағы басқа әртістермен ел ішіне концертпен шығып жүрді.

Мағауия әлемдік классикалар – Ф.Моцарттың «Рондосы», М.Огинскийдің «Полонезі», С.Рахманиновтың «Полькасы», т.б. шығармаларды домбырада бірінші орындаған өнер иесі.

Еркеғали Рахмадиев Алматы консерваториясының ректоры болып келген жылдары шертпе күйдің классы болмаған. Шертпе күй классын ашу мақсатында ұстаз іздеген. «Содан өзім білетін шертпе күйдің шебері Мағауияны іздеп таптырып, шақыртып алып, Тәттімбеттің, Тоқаның, Дайрабайдың күйін, өзінің атасы Атымтайдың күйін, Аққыздың күйін, Арқаның, басқа да жақтың күйлерін ойнатып, тыңдадым. Ол тамаша ойнайтын. Оның қабілетін баяғыда училищеде бірге оқыған кезімізден білетін едім. Ол уақытта оркестр репертуарында шертпе күйлер болмағандықтан, Мағауияны сол кездегі оркестрді басқарған адамдар прима-домбыраға ауыстырып жіберген ғой. Әлгі орыстың мандалині сияқты кішкене домбыраға. Бір жағынан соған көңілі толмай, екінші жағынан отбасылық жағдайына байланысты Алматыдан біржолата кетіп қалған ғой. Мағауияны іздеп тапқан соң, өзіне арнайы класс ашып беріп, консерваторияға мұғалім етіп алдым. Ол кезде төкпе күйден сабақ беріп жүрген Қали Жантілеуов пен Лұқпан Мұхитовтардың да еш жерде бітірген консерваториясы жоқ болатын. Кейінірек Мағауия қайтыс болып кетті. Иманды болсын. Қайтыс боларының алдында еліне, Балқашына қайтадан көшіп барған. Бірақ, соған дейін Қазақ КСРО халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты болып үлгерді» дейді Е.Рахмадиев.

1964-65 жылдары КСРО халық әртісі Е.Серкебаев пен М.Хамзин екеуі АҚШ-қа, Канадаға концерттік сапармен барған. Екеуі тағы да басқа шет мемлекеттерде, Кеңес елінің басты қалаларында өнер көрсеткен. Америкаға қазақтың қара домбырасын танытқан Мағауия Хамзин.

2000 жылы өмірден озды. Балалары, немерелері Алматы қаласында тұрады. 2017 жылы Қ.Байжанов атындағы Қарағанды концерттік бірлестігінің Тәттімбет атындағы ұлт аспаптар оркестрі мен Қазақстанның шертпе күй шеберлері Мағауия Хамзиннің 90 жылдығын үлкен концертпен атап өтті. Балқаш қаласының Мәдениет үйіне М.Хамзиннің аты берілді. Алдында бюсті тұр.

М.Хамзин «Белгісіз солдат», «Қосбасар», «Жайлау», тағы да басқа көптеген күйлердің авторы.

ПАПУЛОВА ВАЛЕНТИНА ВАСИЛЬЕВНА

1930 жылы Алматы облысы, Жаркент қаласында өмірге келген. 1948-52 жж. Алматы қаласындағы П.И.Чайковский атындағы музыка училищесінде вокал классынан оқып бітірген. 1955-56 жылдары Қарағандыдағы №47, №48 пахталардың көркемөнерпаздар үйірмесінде жетекші. 1956 жылы облыстық филармонияға «Лектория» тобының әншісі болып жұмысқа орналасты. Сопрано дауысы болған. Жолдасы Гутман Александр филармонияда аккордеоншы еді. Валентина 1971 жылға дейін қызмет жасады.



ҚАМАЙ УСИН

1945 жылы Омбы облысы, Мариновский ауданы, Құлансу ауылында туған. Көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысып, ән айтып, келешекте әнші болуды армандаған. 1965 жылы 10 классты тамамдаған соң, отбасы Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Сәтпаев совхозына көшіп келген. Қамай сол жердегі астық қабылдау мекемесіне жұмысқа орналасады. Облыстық ән фестиваліне қатысып, жүлделі орынға ие болып, филармонияға шақырту келеді.

Сөйтіп, 1969 жылы Қарағанды облыстық филармониясына әнші болып орналасады. Алтын Әлиеваның бригадасында ел аралап, Қазақстанның барлық делік облыстарында концертпен болды. Сол жылдарғы эстрада әндерін орындайтын. Әдемі баритон дауысы бар. Нұрғиса Тілендиевтің «Алатау» әнін өте шебер шырқайтын. 1971 жылы отбасы жағдайымен филармониядан босап, үш жыл науқас шешесін бағып, жұмыссыз отырған. Анасы қайтыс болған соң, жұмысқа орналасады. 2000 жылы Қарағанды қаласына қоныс аударған. Үш ұлы, екі қыз бар. Қ.Усин әр салада еңбек еткен. Зейнеткерлікке шыққан,

оншақты немере-жиендері бар. Атасы Қамайдың жолын жалғастырған Ләйлә немересі Қарағанды музыка колледжін тамамдап, Астанадағы Қазақ Ұлттық өнер университетінде хор маманы бойынша білім алуда.

Қамай Усин отбасы, бала-шаға, немерелерінің ортасында бақытты өмір сүріп жатыр.



НӘЗИРА УӘЛИҚЫЗЫ МҰХАМЕДҒАЛИЕВА

Қостанай облысы, Пресногоровский ауданы, К.Маркс ауылында 1949 жылы 13 наурыз күні дүниеге келген. Мектепте оқып жүргенінде көркем өнерпаздар үйірмесіне қатысып, әнші болуды армандап өскен. 1966 жылы 10 сыныпты бітіріп, облыстық филармонияға әнші болып орналасады. 1974-75 жж. Қарағанды облыстық филармониясына жұмысқа кіреді.

Сарыарқа эстрада ансамблінің құрамында атақты әнші Жаңыл Қартабаевамен, аккордеоншы А.Завьяловпен бір топта жұмыс істеді. Репертуарында «Ана туралы баллада» Ж.Сейілов, «Сағындым сені», «Елігім ерке» Е.Хасанғалиев, «Арманымның ақ құсы» Алпысбаев, басқа ұлттың да әндері болған. Эстрада ансамблі «Наш сувенир» атты орыс бригадасында да еңбек еткен. Музыкалық басшысы А.Белицкий. 1976 жылы «Гэкку» ансамбліне әнші болып ауысады. 1990 жылға дейін жұмыс істейді. 1990 ж. денсаулығына байланысты жұмыстан босайды. Тұрмыста болмаған. 1998 жылы 18 ақпанда өмірден озды.



ЯКОВ СИМАНОВСКИЙ

1946 жылы, 1 наурыз күні Қазан қаласында дүниеге келген. 1947 жылы отбасы Қарағандыға қоныс аударған. 1963 жылы мектепті бітірді. 1965-68 жылдары әскер қатарында болған. 1968 жылы Қарағанды облыстық филармониясында көркем сөз оқу әртісі, 1969-70 жж. режиссер-ұйымдастырушы, 1971 жылы қазақ драма театрында директордың орынбасары, 1980 жылдары филармонияда директор орынбасары, кейін 1987 жылы директор болды.

Басшы болып қызмет еткен жылдары Тәттімбет атындағы ұлт аспаптар оркестрі мен джаз оркестрін құрып, ашылуына көп еңбек сіңірді. «Аққу», тағы да басқа топтардың құрылуына ұйытқы болды. Өзі өнер иесі болғандықтан, әртүрлі топтарда, ұжымдарда еңбек етті. Өте мәдениетті, адамгершілігі жоғары, біртуар азамат еді. Өмірі қысқа болды. 1995 жылы дүние салды.



ӘЛІБЕК ҚАЖЫБАЙҰЛЫ КӘГЕНОВ

Қарағанды облысында 1941 жылы дүниеге келген. 1964 жылы Құрманғазы атындағы консерваторияны бітірген. Қарағанды облыстық филармониясында 1965 жылдан бастап жұмыс істеген. Композиторлар Одағының мүшесі. Симфониялары – Ми-минор, Сол-мажор, симфониялық фантазия «Мақпал». Ең басты шығармасы О.Сүлейменовтың «Земля, поклонись человеку!» шығармасына жазылған оратория.

2017 жылы өмірден өтті. Жұбайы, 3 баласы, 5-6 немере, жиендері Қарағанды қаласында тұрады.



ШАЛҒЫНБАЙ ТӨЛЕУБАЕВ

1938 жылы 10 ақпан күні Қиыр Шығыста, Зашираевский ауданы, Илка селосында туған. Қарқаралы өңірі, Қарағайлы кентіне отбасымен қоныс аударды. Қарағайлыда мектеп бітірген соң, Қарағанды қаласындағы музыка училищесіне прима-қобыз классына оқуға қабылданды. Ұстазы – Т.Тоқтаров. Музыка училищесін жақсы бітіріп, Алматыдағы Құрманғазы атындағы Ұлттық консерваторияға оқуға түсіп, 1966 жылы аяқтады.

1966 жылы Қарағанды облыстық филармониясына жолдамамен келіп, жұмысқа орналасты. Ол уақытқа жұмысқа жіберген жерде 3 жыл еңбек ету шартты түрде міндеттелетін. Ш.Төлеубаев Алтын Әлиеваның бригадасында солист-қобызшы болып жұмыс атқарды. Сол жылдары қобызға арнап жазылған, А.Жұбанов, К.Кенжебеков,

Л.Хамиди, М.Төлеубаевтың шығармаларын және қобызға арнап өңделген шығармаларды баяншы В.Дворниковтың сүйемелдеуінде өте жоғары деңгейде орындайтын. Алтекеңнің бригадасы құрамында қыста жылы жақта, жазда осы өңірлерді аралап, еңбекшілерге, диқан-шопандарға концерт қойып, өнерге өз үлесін қосқан азамат. Оны Қарағанды қаласындағы концерттерде пианисттер сүйемелдейтін. Концерттен бос уақытында музыка училищесінде жалпы дирижерліктен және қобыздан шәкірттер тәрбиеледі.

1970 жылдары филармониядан босап, Қарқаралыдағы музыка мектебінің директоры қызметін атқарды. «Салтанат» ансамбліні өте жоғары деңгейге көтерді, Франция мемлекетіне гастрольдік сапармен барды. 1973 жылы Мәскеу қаласындағы ВДНХ көрмесіне қатысты. Үлкен концерттік бағдарламамен барған еді.

Шалғынбай Төлеубаев қазіргі уақытта зейнеткер. Отбасымен, бала-шағасы, немерелерінің арасында бақытты ғұмыр кешіп жатыр.

МАРЧЕНКО АННА ИВАНОВНА

15 қараша 1944жылы Херсон облысы Белозорский ауданы, Комышина селосында өмірге келген. Орта білімі бар. Отбасы Қарағанды облысы, Тельман ауданы, 1-ші май совхозына көшіп келген. Орта мектепті бітірген соң, әртіс салада жұмыс атқарған. Көркем өнерпаздар үйірмесіне қатысып, ән айтып байқауларды жүлдері орынға ие болған. Қарағанды облысының филармониясына шақырылып әнші болып, қызметке орналасты. Алтын Алиеваның бригада құрамында совхоздарды, кең шар ұжымдарын аралап, өнерін көрсеткен. Қарағанды, Ақтөбе, Ақмола облыстарында гастрольдік сапарда болды. Орыстың халық әндерін, романстарын, 60-шы жылдарының аяғында шыққан әндерін өте жақсы орындайды. Орыс қызы қазақ бригадасымен гастрольда көп бола алмады, жұмыстан шықты.



СЕЙЛХАНОВА МАКИРА

1952 жылы Талдықорған облысы, Қаратал ауданында, Абай совхозында өмірге келген. Шешесі бригада басшыларымен сөйлесіп, әнші қызын тыңдауды өтінді. Совхоз клубында тыңдап, қабылдайтын болып келісті. Қазыбай Ишимов филармонияның директорымен хабарласып, жұмысқа қабылдаты. Макираның репертуарына кейін шыққан жаңа әндер А. Бейсеуов, Е. Хасанғалиев және т.б композиторларының әндері, өзбек халық әндері көп болатын.

Алматыға қыздар институтына оқуға түсуіне байланысты, жұмыстан босады. Алматы облыстық филармониясында фольклерлік ансамбліінде жұмыс жасады. Алматы қаласында мұғалім болып, зейнеткерлікке шықты.



ТІЛЕУҒАЗЫ БЕЙСЕНБЕК

Жетісу өңірі, Талдықорған облысында 1943 жылы дүниеге келген. Мектеп бітірген соң, Алматы қаласының Құрманғазы атындағы Ұлттық консерваториясына оқуға түскен. 1967 жылы оқуды бітіргеннен кейін, Қарағанды қаласындағы 11 жылдық арнаулы музыка мектебіне директордың орынбасары болып орналасты. Кейін осы мектептің директоры болды.

1990 жылдары Талдықорған қаласында филармония директоры қызметін атқарған еді. 1999 жылы Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестікке бас редактор қызметіне келді. Т. Рымбекұлы «Өнер саңлақтары» атты кітапты 2007 жылы жазып бітірді. Осы еңбегіндегі «Қ.Байжанов және оның ортасы», «Күйші Мұхит», «Дала академиясының соңғы түлегі», «Көмірлі қаланың бұлбұлы» атты тарауларда Қ.Байжанов, Мұхит Битенов, Зәбира Жұбатова, Алтын Әлиеваның шығармашылығына кеңінен тоқталған.

1930-34 жж. Қарағанды радио комитетінің жанында құрылған «Қазақ хорына» қатысушы әнші-күйшілерді сол жылдардағы газеттен іздеп тауып, 1938 жылы түскен суреттерімен көлемді мақала жазып, жарыққа шығарды. Қарағанды филармониясының 65, 70 жылдығына арналып шыққан кітаптар - Тілекеннің ізденген еңбектері.

Тәттімбет оркестрінің репертуарына шығармалар жазды, өңдеген біраз туындыларымен байытты. Оркестрдің орындауына балаларға арналған шығарма жазып, «Шалқыма» концерт залында оқушылардың қатысуымен жақсы қойылым болды.

«Астана Опера» театры симфониялық оркестрмен бірге осы шығарманы сахнаға шығарған еді. Патриоттық әндері «Астана Опера» театрында орындалып тұрады. Тілеуғазы Рымбекұлы ақын, Жазушылар Одағының мүшесі, композитор. Қазір Астанада тұрады, үш қызы, немере-жиендері музыканттар.



ИГЕНБЕКОВ ТҰНҒЫШБАЙ

Игенбеков Тұнғышбай Әділбайұлы 1946 жылы 28 желтоқсанда, Өспен руднигі Жаңаарқа ауданы, Қарағанды облысында дүниеге келді.

Мектеп бітірген соң 1964 -1968 жылдары Қарағанды музыкалық училищесінде білім алдым. 1968 жылы жолдамамен Қарағанды облысының филармонияға солист-домбырашы болып жұмысқа орналастым. Филармонияда 1967 жылы оқып жүріп жұмыс жасағам.

Алтын Алиева бригадасында, Забира Жубатованың бригадасында жазда осы өңірде қыста жылы жақтарда, гастрольде болып ауыл еңбекшілері, дихандар, шолпандарға концерт қойып өнерімді көрсетіп қызмет жасадым. 1971 жылы үш жыл мерзім аяқталған соң, Жаңаарқа аудандағы балалар музыкалық мектебінде ұстаздық қызметте болдым, 22 жыл мектеп директоры қызметін атқардым.

Жаңаарқа аудандағы өнер ошақтарын көтеруге ат салыстым. 3-4 совхозда балалар музыкалық мектебінде филиалдарын аштым. Үлкен домбыра оркестірі жұмыс істеді, эн-би ансамбілі, ВИА топтары жұмыс жасады, осы айтылған ұжымдарға басшылық жасадым. Балалар музыкалық мектебінің шәкірттері, Ресейде, Германияда, Австрияда және Испанияда жұмыс атқарып жүр. 1997 жылы музыка мектебі жабылды, 2 жылдай жұмыссыз жүрдім.

1999 жылы қазан айында, Қарағанды қаласына қоныс аударып Қ. Байжанов атындағы концерттік бірлестікке жұмысқа орналастым.

2000 жылы «Шалқыма» концерттік залының директоры қызметіне тағайындалдым, 2012 жылға дейін еңбек еттім.

2013 жылы қарашада Қ. Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің ведомствалық музейі ашылды, «Шалқыма» концерттік залында орналасқан сонда қызмет жасаймын.

Отбасымда 2 ұлым, 7-8 немерем бар.

Архивное фото

«ВРЕМЯ И ПЕСНИ»

29 января 1977



Перед животноводами и механизаторами Карагандинского, Егиздыбулакского и Талдинского районов выступал эстрадный коллектив Карагандинской областной филармонии.

В программе его концертов остро ощущается привязанность к шахтерской столице Казахстана; гордость за трудовые подвиги земляков, за красоту родного города, вера в его будущее.

Зрители горячо аплодировали вокально-инструментальному ансамблю «Время и песни» под руководством Виталия Абрамова. Большой успех выпал на долю солистки, лауреата Всесоюзного конкурса исполнителей советской песни Надежды Мельниковой. Со своим песнями выступил лауреат конкурса туристской песни Виктор Баранов.

Концерты эстрадного коллектива посетили более 5 тысяч сельских зрителей. На днях артисты филармонии выступят перед любителями эстрады Фрунзе и Ташкента.

Коллектив готовится к новой концертной программе о Караганде — «Нет тебя прекраснее». В ее постановке примут участие московские коллеги.

НА СЦЕНАХ: воют В. БАРАНОВ и Н. МЕЛЬНОВА.

Текст и фото К. ИОВИЧКОВА.

Сахнада — «Гәкку»

Есіл өңіріне концерттік программамен келген Қарағандының «Гәкку» жастар эстрада ансамблінің құрылғанына небары 5-6 жыл. Жас коллектив соған қарамастан осы аз уақыт ішінде ұлан-ғайыр республикамызды түгел дерлік аралап шықты.

Қаламыздағы езулетті Жастар сарайына жиыналған өнер сүйгіш қауым эстрада ансамблінің Ұлы Октябрьдің 60 жылдық торқалы тойы құрметіне арналған кек концерттік программасын ұйып тыңдады.

Концерттің сахна пердесі ашылысымен-ақ құлақтан кіріп бойды алған әсем ән — Үкілі Ыбырайдың атақты «Гәккумен» ашылуының өзінде де сыр хатыр. Ол осы ансамбльдің атын танытып, оған ерекше ажар беріп тұрғандай.

Сегіз ұлттың тілінде шырқалған ән мен жұмбірлеген күй көпке дейін толастамады. Концертті жүргізуші көркем сөз оқудың шебері Қажет Нұрышева өз көрсемдерімен жиі жүздесіп, жұртты қырантоған күлкіге батырын отырды.

Ансамбль өншілері Нәзира Мұхамед-

ғалиева, Саркит Күзеуов, Төлеген Тойшыбеков, Төлеухан Тұтанов орындаған халық және қазақ совет композиторларының әндерін де тыңдаушылар жылы қабылдап, өнерпаздарға дүркін-дүркін қол соғып құрмет көрсетті.

Сөз орайында орыс қызы Надежда Мильнова шырқаған халық әні «Күлаша» мен Е. Хасанғалиевтың «Сағылдым сені» әні көпшілікті сліткенін атап өтуге тиістіміз. Қазақ ауылында туып өскен Надежда ұлттық әуендерді шебер орындай білді.

Концерт табысты өтті.

С. ЕСМАҒАМБЕТОВ.

СУРЕТТЕРДЕ: Есіл өңірі орталығының өнер сүйгіш қауымы жылы қабылдаған Қарағандының «Гәкку» жастар эстрада ансамблінің мүшелері домбырашы Төлеухан Тұтанов пен солистка Нәзира Мұхамедғалиева сахна төрінде ән шырқап тұр.

Суреттерді түсірген Е. Нұржанов.





Ақатай Көпбаев и Александр Завьялов



А.Алиева, А.И. Завьялов, В.Е. Дворников



Игенбеков Тунғышбай



Кажет Ғинаятова



Ләйлә Қажымұратова



Айбану Салықова

II тарау

1950 жылдардың басында консерватория мен училище бітірген қазақ жастары филармонияға келе бастады. 1949 жылы биші Ләйлә Хаджимұратова келді. Мұхит Айтқалиев - атақты домбырашы, ғұлама педагог, домбыраға арнап классикалық пьесаларды лайықтап түсірген, М.Огинскийдің «Полонезі», И.Брамстың «I, V» венгер билері, А.Хачатуряннің «Спартак» балетінен «Қылыш биі», орыс халық әні «Коробейники», т.б. шығармаларды өте жоғары деңгейде орындаған. 1950 жылы атақты сиқыршы (оригинальный жанр) І.Өкпенев Ташкент циркінен Қарағанды облыстық филармониясына ауысты. 1958 жылы Мұқан Есупов Алматыдағы Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрының студиясын аяқтап, филармонияға әнші болды. 1960 жылдардың ортасында консерватория және музыка училищесін бітірушілер, фестивальдер мен байқаулардың өнерпаздары іріктеліп, қабылданды. 1965 жылы Алматы консерваториясының түлегі, скрипкашы Әлібек Кәгенов, 1966 жылы қобызшы Шалғынбай Төлебаев, 1968 жылы қобызшы Қарлығаш Әлмұханова-Кәгенова орналасты. Қарағанды музыка училищесінің түлектері - 1968 жылы домбырашы Игенбеков Тұңғышбай, 1969 жылы қобызшы Бақыт Көшкінбаева келді. Көркем өнерпаздар байқауының жеңімпаздары, вокалисттер – Анна Марченко, Нұрсұлу (Нұрғайша) Тәкенова, Қамай Мусин, Мәкира Сейілханова, көркем гимнастикашы Сәния Шакурова, биші Ләйла Қаңтарбаева әртістер қатарын толықтырды. 1970 жылы консерватория түлегі, скрипкашы Хамит Жармұхамедов (көркемдік жетекші болды) филармония әртістеріне қосылды.

1955 жылы А.В.Варламовтың басқаруында музыка-эстрада ансамблі, 1956 жылы «Лектория» тобы, 1964 жылы шекті аспаптар квартеті, 1968 жылы КСРО бойынша жалғыз «Фройндшафт» ансамблі құрылды. «Фройндшафт» неміс ұлтының өнерін, салт-дәстүрін, әндерін насихаттайтын.

А.Варламовтың жетекшілігімен құрылған эстрада ансамблі Қарағанды өңіріне үлкен жаңалық болды. Репертуарына классикалық туындылармен қатар, қазақ және кеңестік дәуір композиторларының, А.Варламовтың өз шығармалары енді.

«Лектория» тобының 1956-67 жж. құрамы:

Лектор-музыкатанушы С.Белова 1927 жылы туған. М.Горький консерваториясын бітірген.

Концертмейстер Н.Сигарева 1947 жылы туған. Қарағандының музыка училищесінің түлегі.

Әниі С.Козлов 1934 жылы өмірге келген. Львов консерваториясын аяқтаған. Баритон.

Л.Гудилев 1937 жылғы. Куйбышев қаласының музыка училищесін бітірген.

В.Двужилов 1921 жылы туған. Қарағанды музыка училищесінде оқыған. Тенор.

А.Галкина 1923 жылғы. Мәскеудің Г.Гнесина атындағы институтты аяқтаған. Мещосопрано.

Скрипкашы В.Роот 1920 жылы өмірге келген. Алматы консерваториясын бітірген.

Скрипкашы А.Кагенов 1941 жылы дүниеге келген. Алматы консерваториясын бітірген.

Виолончелист В.Якимов 1940 жылғы. Алматы консерваториясын бітірген.

Фортепиано Р.Штеренберг 1938 жылы өмірге келген. Львов консерваториясының түлегі.

Н.Зубова-Малышева. Вокал. 1935 жылы туған. Қарағанды музыка училищесінде оқыған.

В.Петлюк. Вокал. 1924 жылғы. Кишинев консерваториясын бітірген.

О.Узинг 1904 жылғы. Ленинград консерваториясының түлегі. Виолончель.

Лектор-музыкатанушы А.Малышев 1923 жылғы. Алматы консерваториясын бітірген.

1982 жылғы құрамы:

Вокал - Г.Фот, О.Ярыгин, Э.Кичикян

Скрипка – А.Сапежников

Баян – Г.Ешков

Концертмейстер – Г.Құсайынова

Жүргізуші – И.Гракова

Шекті аспаптар квартеті 25 жылдай өмір сүрді. Музыканттары В.Роот, Г.Магофонова, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі А.Сапежников, О.Узинг. Әр жылдары шекті аспаптар квартетінде облысқа және республикаға белгілі музыканттар болды. Олар - В.Якимов, В.Осокин, А.Кагиянов, А.Шульман, З.Дюскина, В.Альпеев.

«Фройндшафт» ансамблінің көркемдік жетекшісі Г.Шмаль. Және Э. мен П. Пеннерлер, М.Сакс, Г.Фот, апалы-сіңілі Ваймерлер жетекшілік еткен. Әр жылдары ансамбльді Н.Майснер, В.Задоя, Ю.Бизюр, Ж.Жараспаевалар толықтырды. В.Кениг және Э.Шмидт көркемдік жетекшілері болды.

Ансамбльдің 1975 жылғы құрамы:

Әншілер М.Пеннер, Э.Шульц, Г.Қонақбаева, О.Шпенглер, О.Зифрид, М.Шамрай, сиқыршы (оригинальный жанр) А.Бергер, спорт бишісі Л.Ушакова, Э.Пеннер, кларнетте И.Баймлер, көркем сөз оқушы Л.Шримф, ксилофон Ю.Бизюр, аспапты ансамбльдің жеке орындаушылары В.Бервальд (аккордеон), А.Дмитриев (бас гитара), концерт жүргізушілері Л.Шримф пен Г.Лейхт, аспапты ансамбль құрамы Г.Тұңғышбаева, М.Шамрай, О.Зифрид, И.Баймлер, В.Бервальд, Э.Лимантас, А.Дмитриев. Музыкалық жетекші Ю.Бизюр, көркемдік жетекші Г.Лейхт, филармонияның көркемдік жетекшісі А.Сапезников.

Филармония 1971 жылы Алматыдағы эстрада-цирк студиясын бітірген жігіттер мен қыздарды шақырып, атақты «Гэкку» ансамблін ашты. «Гэкуте» әншілер тобы, бишілер тобы, домбырашы, конференсье және вокалды-аспапты ансамбль енді. Өзінің талғамдылығымен, мазмұндылығымен ерекшеленді. Термелер мен күйлер, халық әндері мен билері көрермендердің өз халқының төл өнерін терең сезініп, түсінуіне көмектесті. Алғашқы құрамы: А.Салықова, Н.Тәкенова, Қ.Финаятова, Т.Тутанов, И.Молдабергенов, Г.Рашиқалиева, И.Мұхаметқалиева, М.Мұқашева, З.Иманқұлова, С.Сариева, С.Күзеуов, Ж.Тілеубергенов, Б.Сыздықова, М.Адамбеков, Н.Қаңтарбаева, Ж.Баймағамбетов, С.Бектенов, Қ.Құдайбергенов, А.Биғалиева (Құдайбергенова), бұлардың шынайы шеберлігі осыған ұйтқы болды. Көркемдік жетекші болып, В.Абрамов келгеннен кейін ансамбль шығармашылығы жағынан шыңдала түсті. Ансамбль әншісі Н.Мельнова Мәскеуде өткен Бүкілодақтық конкурста кеңес әндерін үздік орындағаны үшін I орынды жеңіп алды. А.Мұқышева Өміре Қашаубаев атындағы I Республикалық конкурстың дипломаты атанды.

«Гэкку» ансамблінің 80 жылғы құрамы:

Аспапты ансамбль - әншілер Т.Тутанов, Ж.Жарасбаева, З.Иманқұлова, А.Биғалиева, Н.Мұхаметқалиева, М.Мұқашева, Қ.Құдайбергенов, балет С.Сариева, конференсье Қ.Нұрышева (Финаятова), дыбыс режиссері В.Федоров, музыка жетекшісі Ю.Капустин, ұрмалы аспап В.Чаплинский, ритм гитара Т.Серіков, орган Л.Мельницкая.

Репертуары:

Біржанның әні «Айтбай»

К.Салықов «Аққу жеткен»

К.Дүйсекеев «Ойлайсың ба?»

Е.Хасанғалиев «Есіңе ал», «Ауылым»

Тәттімбет «Көкей кесті»

Құрманғазы «Адай»

Бұқар биі, Халық күйі «Келіншек биі»

Н.Тілендиев «Алатау», «Куә бол»

Ж.Тұрсынбаев «Қара алтынды Қарағанды»

Халық термесі «Народное»

Қ.Аманжолов «Өзім туралы»

Ж.Сейілов «Жезкиік»

Көркем сөз – Қ.Әмірбеков «Магниттің махаббаты», А.Құсайынов
«Уа, адамзат», Несіпбек Айытов «Кіріспе монолог».

«Сары-Арқа» қазақ эстрада ансамблінің бағдарламасы:

Конферансье – Болат Еркежанов

Домбырамен ән салатын әнші – Ж.Қартабаева

Әншілер – Н.Мұхамбетқалиева, Б.Еркежанов, С.Бектенов

Оригинальный жанр – А.Малиновская

Аспапты ансамбль құрамы:

Аккордеон – А.Завьялов

Бас гитара – В.Козоренко

Соло гитара – Г.Воронин

Ұрмалы аспап – Л.Самохин

Электро орган-саксофон – Л.Будрак

Көркемдік жетекші – А.Сапежников

«Наш сувенир» эстрада ансамблінің құрамы:

Көркемсөз оқушылар - М.Моргулис, Т.Вершинина

Жонглер – О.Гаммер

Әнші – Н.Мұхамбетқалиева, А.Белецкий

Аспапты ансамбль: Т.Белецкая, И.Ваха, М.Маргулис

Көркемдік жетекші – А.Сапежников

1954-56 жылдар

Қазақстанда 1954-56 жылдары тың игеру науқаны басталды. Осы жылдарға дейін орыс ұлты, басқа ұлт өкілдері жерімізде аз

болды. Соған байланысты, ауыл тұрғындарына қазақ бригадалары өнр көрсетіп, концерттерін қойып жүрді. Архивтегі құжаттарды ақтарып қарағанда, осындай тұжырым жасауға болады. Тың игеруге байланысты, солтүстік және орталық облыстарға басқа ұлт өкілдері, әсіресе орыс ұлты өте көп орналастырылды. Аралас бригадалар, орыс бригадалары ауыл еңбеккерлеріне, тың игерушілерге осы жалдардан бастап, концертпен шыға бастады.

П.И.Яновицкий филармонияға директор болып келгеннен қазақ әртістеріне көзқарасы дұрыс болмады. Жаңыл Қартабаева, Қазыбай Ешимов, Ақатай Көпбаев, Ләйлә Хаджимұратова, Мұқан Есупов, осы аға-апаларымның бірде де біреуін атаққа ұсынбады. Консерватория мен музыка училищесін бітірген музыканттарға төмен жалақы төледі. Бір жылдан соң көтеретін жалақы ставкасын үш жылға созды. Қобызшы Шалғынбай Төлебаев Қарақаралыға, Қобызшы Қарлығаш Кагенова мен скрипкашы Әлібек Кагенов Атырауға кетті. Тағы бір қобызшы Бақыт Кошкінбаева ексеүміз музыка мектебіне кеттік. Жоғары білімі бар көркемдік жетекші Н.Амандықов 1969 жылы жұмыстан шығып, музыка училищесіне, Биші Шора Әлішев Алматыға, Мұқан Есуповтің айлығы шайлығына жетпей, совхозға жабдықтаушы болып ауысты.

Руководители Карагандинского отдела по делам искусств:

1938-40 жж. - Гольдин Семен Савельевич

1940-41 жж. – Медведев Михаил Григорьевич

1941-42 жж. – Власов Николай Александрович

1942-43 жж. – Макаров Константин Иванович

1943 ж. – Кац (толық есімі белгісіз)

1943-48 жж. - Дакеев Кемелхан

1948 ж. – Жакупов Зейнулла Гаппартович

Руководители Карагандинского отдела культурно-просветительской работы:

1945-50 жж. – Нарешев Айтбай

1950-52 жж. – Қасымжанов Құрманжан Қасымович

1952 ж. – Адилов Наукебай Какибаевич

1952-53 жж. – Алиев Нури Латифович

1953 ж. – Есмұхамбетов Агитай Есмұхамбетович

Руководители Карагандинского областного управления (департамента) культуры:

1953-55 жж. - Есмұхамбетов Агитай Есмұхамбетович

1955-59 жж. – Байсеитов Зулхаир
1959-71 жж. – Асаинова Сахыш Шаиповна
1971-85 жж. – Рымжанов Макат
1985-87 жж. – Омарбекова Рымбала Кенжебалиевна
1987-92 жж. – Ашляев Серик Сопыжанович
1992-2011 жж. – Омарбекова Рымбала Кенжебалиевна
2011-2012 жж. – Байсағатов Бекболат Тәкешұлы
2012-2013 жж. – Абрахманов Ержан Ахметұлы
2013-2019 жж. – Ағымбаев Еркебұлан Мүлікұлы
2020 ж. – Жұмакенов Еркебұлан Қайроллаұлы
(хроника культурной жизни Карагандинской области,
1936-2006 гг., 6 стр.)

Қарағанды облыстық филармониясының директорлары:

5.12.46 ж. – 10.1948 ж. – Ажиканов А.
04.11.48 ж. – 31.12.1949 ж. – Каулен Н.
01.01.49 ж. – 03.03.1950 ж. – Ишимов Қ.
31.03.50 ж. – 31.12.1951 ж. – Беленский Н.
03.01.52 ж. – 28.02.1952 ж. – Якер И.М.
28.02.52 ж. – 05.1952 ж. – Городбин В.А.
20.06.52 ж. – 15.04.1953 ж. – Фридгут В.С.
18.04.1953 ж. – 01.12.1953 ж. – Жолымбетов К.
12.53 ж. – 12.1955 ж. – Яковлев В.Н.
03.01.56 ж. – 12.1986 ж. – Яновицкий П.И.
01.87 ж. – 12.1995 ж. – Симановский Я.С.
1995 ж. – 2008 ж. – Мейрамбеков З.К.
03.2008 ж. – Идрисов Т.Н.
(Основание: ГАГК, ф.937, оп.2, д. 1.л.75.)

Симфония оркестрі туралы

1964 жылы «Сазды Қарағанды» фестивалі дүниеге келді. 1965 жылы Қазақстан композиторлары музыкасының, ұлттық өнердің ақиық алыптары, композитор А.Жұбанов, Л.Хамиди, Е.Рахмедиев, Ғ.Жұбанова, В.Великанов, М.Қойшыбаев, Н.Меңдіғалиев, Қ.Қожамияров өздері қатысты. Фестивальдің симфониялық бағдарламаларына кеңінен танымал, көпшіліктің ыстық ықыласына ие болған шығармалармен бірге көптеген жаңа туындылар да енгізілді. М.Қойшыбаевтың «Мәншүк» поэмасы және Ғ.Жұбанованың «Теміртау таңы» атты туындысы алғаш рет Қарағанды мен Теміртауда орындалды. Бұл фестивальға қатысқан

КСРО халық әртістері Ермек Серкебаев, Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова, Әлібек Дінішев, Қазақстанның халық әртістері Ришад Мұсабаев, Қорлан Халиланбекова, Жәния Әубәкірова, Ғ.Мырзабекованы халық ыстық ықыласпен қабыл алды. Осылайша көрнекті орындаушылар мен ұжымдардың шығармашылығымен ондаған жылдар бойы етене таныстық. Және өзіміздегі музыкалық, камералық топтардың дамуы 1983 жылы филармонияның жанынан симфония оркестрінің құрылуына негіз болды. 1983 жылғы фестивальді Еркәғали Рахмадиев басқарып келді. «Ол кезде композиторлар одағын қоса басқаратынмын. Өзіміздің республикамызда да театрларды, музыкалық ұжымдарды көбейте беру қажет қой деген ой маза бермейтін. Бірде Алматыдағы симфониялық оркестрді Қарағандыға алып келдік. Қарағанды – Алматыдан кейінгі өнеркәсіпті үлкен қала. Симфониялық оркестрде ол кезде Тимур Мыңбаев деген Кәрім Мыңбаевтың баласы бас дирижер болатын. Толып жатқан әншілеріміз бен күйшілеріміз бар, келдік. Александр Гаврилович Коркин дейтін Қарағанды облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы бар еді. Мен одақтың бастығы болуыммен бірге ол кезде республика жоғары кеңесінің де депутатымын. Әлгі Коркиннің қасында отырмын. Оркестр ойнап, әншілер ән айтып, концерт басталды. Александр Гаврилович ақырын менің құлағыма сыбырлады: «Ереке, я был вторым секретарем ЦК, министром тяжелой промышленности, верите мне, я первый раз слушаю симфонический оркестр, я первый раз на симфоническом концерте», - дейді ағынан жарылып. «Верю. Потому что, симфонический оркестр один на вес Казахстан», - дедім. Содан соң: «А что, мешает вам иметь свой симфонический оркестр?» деп сұрадым. «Сіздер қашан қайтасыздар?», - деп сұрады Коркин. «Бүрсікүні қайтамыз. Ертең тағы да кездесуіміз бар» дедім. «Ертең сағат онда келе аласыз ба маған?» деді, «Келемін» дедім. Айтқанымдай келдім. Қызметкерлерді жинап қойыпты. «Мына кісіні танысыздар ма? Ереке, вам слова. Скажите, членам расширенного бюро, что нам надо, чтобы организовать симфонический оркестр», - деп сұрады. «Оркестр құру үшін бір-ақ нәрсе керек, шахтаның бір күндік табысын жұмсаңыз болды. Сіздерге бұл онша ауыр болмайтын шығар. Тағы да 50 пәтер керек. Қарағандыда музыканттар жоқ. Барлығын сырттан шақыруға тура келеді. Оларға пәтер берсеңіздер болды, қалғанын өзіміз ұйымдастырамыз, оркестрлеріңізді құрып

береміз», - дедім. «Келісесіздер ме?», - деді ол отырғандарға. Олар бірден келісті. «Әртістерге киім, аспаптар алуға көмектесесіздер ғой?», - деп сұрадым. Оған да бәрі келісті. Осылайша пәтуаласқан соң Алматыға қайтып оралдық. Енді ұйымдастыратын адамды табу ғана қалған еді. Озім білетін адамдарды ой елегінен өткізе келе, Төлепберген Әбдірашевқа тоқтадым. Шақырып алып, «Ал сен, қарағым, Қарағандыға барып, 5-6 ай жұмыс жаса» дегенді айттым. Қағардағы дирижер болатын. Келісе кетті. Александр Гавриловичке телефон соқтым. «Әбдірашев деген жігіт барады. Ол тәуір маман, жақсы музыкант» дедім. Облыс басшысы симфониялық оркестр құруға сырттан келетін адамдарға 50 пәтердің кілтін дайындап қойғанын айтты. «Үш жыл контрактімен жұмыс істейсіңдер деген келісім шартқа отырыңыздар музыканттармен» деген ақыл-кеңесімді айттым. Осылайша, Қарағандыда республикамыздағы екінші симфониялық оркестрді құрудың сәті түсті», - дейді Е.Рахмадиев.

Симфония оркестрінің алғашқы көркемдік жетекшісі және тәлімгері ҚР халық әртісі, профессор Төлепберген Әбдірашев болды. Өнер ұжымының қалыптасуы мен дамуына дирижерлар Н.Клинов, В.Норец, С.Ферулев, Қ.Ахметов зор еңбек сіңірді. 1989-96 жылдары П.А.Грибанов басқарды. 1998-2006 жылдар аралығында Қ.Ахметов, Т.Әбдірашев, А.Скрипник, Б.Рахымжанов, Богданов – осы дирижерлар жұмыс жасады. 2006 жылдан қазіргі уақытқа дейін П.А.Грибанов жетекшілік етеді.

Симфония оркестрі туралы ойымды жаза кетейін. Оркестр әлемдік классикалық шығармаларды орындайтын деңгейге жетті. Қарағандының симфония оркестрі қазақ композиторларының, Қазақстан композиторларының шығармаларын мүлдем орындамайды деуге болады. Бір мысал келтіре кетейін, Австрия композиторы Ф.Шуберт көзі тірісінде бір де шығармасын симфония оркестрінің орындауында естімеген. Себебі, Л.Бетховеннің заманына дөп келген. Соның көлеңкесінде қалып қойған. Шуберт достарының арасында өзінің әндерін, шағын шығармаларын орындаумен шектелген.

2007-2008 жж, 2017-2018 жылдары Шуберттің симфонияларын және басқа да шығармаларын дүниежүзі орындап жүрді. Қарағандының да симфония оркестрі қалысқан емес. Шуберт 1797 жылы туып, 1828 жылы өмірден өткен. Осы атаулы даталарды Қарағанды симфония оркестрі қалыспай атап жүр. Л.Бетховен, П.Чайковский және Еуропа композиторларының шығармалары көп орындалады. Ал

Қазақстан композиторлары А.Жұбанов, Л.Хамиди, Е.Брусилковский, Қ.Қожамяров, С.Мұхамеджанов, М.Маңғытаев, М.Сағатов, Ғ.Жұбанова, Б.Баяхунов, Д.Ботбаев, Гризбиль, т.б. туындылары орындалмайды. Т.Қажғалиевтің шығармасы бір-екі рет ойналды. 2019 жылы Қарағанды симфония оркестріне Е.Рахмадиевтің аты берілді. Оның симфониялық күйлері «Дайрабай» және «Құдаша думан» арагідік орындалып жүр. Бас дирижер П.Грибановтың жасы 70-ке келіп қалған, қазақ халқын аса жақтырмайды деген ой келеді. Кешкі концерттерде, маусымның ашылуы мен жабылуында қазақ композиторларының шығармаларын орындауды міндеттеу керек қой деймін. Дирижер қазақ жастарына жұмыс істеуге мүмкіндік беру керек.

Яков Симановский басшылығы

1987 жылы Я.Симановский филармонияға басшы болып келді. Бұл азамат келе салысымен 1988 жылы қазақ ұлт аспаптар оркестрін құруды қолға алады. 1988 жылы Алматы консерваториясының түлектерін шақырып, үй-жай беріп, қазақ оркестрі ашылды. Сол уақыттағы облыс басшысының да жәрдемі көп тиді. Оркестрді басқарған алғашқы дирижер – ҚР еңбек сіңірген қайраткер Дүйсен Үкібай. 1990 жылы халық композиторы Тәттімбеттің аты берілді. Қазір өнер ұжымының Тәттімбет атымен қатар, академиялық дәрежесі де бар. 1991-92 жж. бас дирижер – Қ.Сайжанов. 1992 жылы оркестрге жетекшілік етуге КСРО халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор Шамғол Қажғалиев шақырылды. Маэстро оркестрдің орындау шеберлігін биікке көтерді. 2008-2010 жылдары оркестрге Ерлан Бақтыгерей жетекшілік етті. 2013-15 жылдары ҚР еңбек сіңірген қайраткері Әбдуғалисын Шоқанбаев жетекші болды. 2015 жылы Д.Үкібай қайтып келді.

1988-95 жылдары Меруерт Ыбыраева қобызшылар тобының алғашқы концертмейстері. 1995 жылдан бастап, зейнетке шыққанға дейін, ҚР еңбек сіңірген әртісі Ғайни Болтаева қобызшылар тобының концертмейстері болды.

1993 жылы Я.Симановскийдің тікелей ықпалымен «Аққу» фольклорлық хореография ансамблі құрылды. Бірінші балетмейстері Қорлан Мұқатова еді. Қазіргі кезде ансамбльге Назгүл Авильхан жетекшілік етеді.

Я.Симановский 1994 жылы джаз оркестрінің ашылуына да басшылық етті. «Биг-бэнд» джаз оркестрін Варламовтың ізбасарлары деп атайды.

«Лектория» тобының негізінде кейін «Мерей» ансамблі ашылды. Б.Пропищан, И.Гракова, Э.Кичикян, Ж.Жараспаева, О.Ярыгин, А.Герасимов, В.Сосновий музыкалық лекторийдегі дәстүрді жалғастырып, ұжымды өрге сүйреді. Қазіргі кезде «Мерей» құрамы – С.Асанбаев (гитара), С.Мұсайын, Г.Жақыпбаева, С.Стефанович (саксофон), т.б. бар.

1995 жылы «Гэкку» ансамблінің мұрагері – «Әуен» ансамблі құрылды. Оны құруға атсалысып, шымылдығын ашқан ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Мақат Рымжанов еді. 1996 жылы ансамбль әншісі, марқұм И.Исмағанбетов І халықаралық Ш.Қалдаяқов атындағы конкурста Гран-при жүлдесіне ие болды. К.Байсейітова атындағы халықаралық конкурстың лауреаты Т.Ыдырысов, Қазақстан Жастар Одағы сыйлығының лауреаты Ж.Кемалов, Моңғол Республикасы өнеріне еңбек сіңірген Б.Машан мен Г.Әбілхан, дарынды әнші К.Жүнісов, халықаралық Шабыт фестивалінің лауреаты Г.Серікова мен З.Жәкішева, т.б. өнерпаздар жұмыс істеген. Бүгінгі күні «Әуен» ансамблінің құрамында бірлестіктің үздік дауыстары, халықаралық және республикалық конкурстар лауреаттары – А.Герасимов, А.Қаппасов, К.Насырова, Д.Аханов, Н.Темірғалиев, А.Уали еңбек етеді.

«Арқа сазы» фольклорлық ансамблі және «Арай» ансамблі

«Арқа сазы» фольклорлық ансамблі 2004 жылы құрылды. Басшылық жасаған ҚР еңбек сіңірген қайраткері Ә.Шоқанбаев. Қазіргі уақытта көркемдік жетекшісі мәдениет қайраткері Б.Сәдуақасов, директоры Н.Бақтыбаев, әншілер – халықаралық және республикалық конкурс лауреаттары Е.Базарбеков, Қ.Ыбышев, Г.Тапай, Р.Шабденов. Аспапта орындаушылар – Д.Хамза, А.Айнабаев, Д.Хасанова, Е.Кәрібаев, Т.Қордабаева, А.Үсенов, Д.Әйтенов, Т.Ермеков, Б.Жақыпбаева, Г.Әпекова, А.Пернебеков, Е.Кәрімов, Қ.Базарбаев, И.Тарғынова, М.Жәулетбаева, Ә.Жақыпбекова. Ансамбль Қазақстан аумағында, шетел фестивальдарында көп өнер көрсетеді. Аз уақыттың ішінде кәсіби, репертуары кең ұжымға айналып үлгерді.

2011 жылы ақпан айында жаңа ансамбль «Арай» дүниеге келді. Қазіргі құрамы – ҚР еңбек сіңірген қайраткері А.Севостьянов, Қазақстанның мәдениет қайраткері Д.Әркенов, республикалық конкурстар мен фестивальдардың лауреаттары Г.Серікова, М.Башай, К.Николаева, А.Жүкенова, М.Осатаев, т.б.

Филармонияның көркемдік жетекшілері

Архивтегі құжаттарды қарасақ, 1938 жылдан 1951 жылға дейін Б.Орлов филармонияның көркемдік жетекшісі екен. Негізгі қызметі хор жетекшісі болғандықтан, осы екі қызметті қоса атқарған. Хордың жеке дауыста ән айтатын және домбырамен айтатын әншілердің тональносттерінің дұрыс болуына көп көңіл бөлген. Домбырада, қобызда ойнайтын солисттермен де дайындық жұмысын жүргізді. Әншілерге дұрыс тональност берудің өз заңдылығы бар. Егер, тым жоғары берсе, төменгі дыбыстарды дұрыс айта алмайды. Ал тональностты төмен берсе, жоғарғы дыбысты ала алмайды. Осы заңдылықтарды Б.Орлов дұрыс қолданған. 1951 жылы Борис Орлов Қарағанды хорымен бірге Алматыға қоныс аударады.

Филармонияның көркемдік жетекшілері:

1952-53 жж. – Жакупова

1955-69 жж. - Н.Амандықов

1969-70 жж. - К.Әлмұханова

1970-74 жж. - Х.Жармұхамедов

1974-78 жж. - А.Сапежников

1978-88 жж. - А.Берікпаев

1988-90 жж. - Н.Құсайынов

1990-96 жж. - Б.Байсағатов

2001-2008 жылдар аралығында Т.Ыдырысов филармония бас директорының шығармашылық жөніндегі орынбасары. 2008 жылдан бұл қызметті Ғ.Ажбағамбетов атқарады.

Директордың орынбасарлары:

1950-60 жж. – Олег Манукиян

1969-83 жж. – Ким До Нюр

1983-87 жж. – Я.Симановский

1988-96 жж. – Г.Тригулова

1996-2012 жж. – Н.Бобровская

2012-2013 жж. – Г.Темірова

2013 жылдан қазіргі уақытқа дейін бұл қызметті Б.Ахметжанова атқарады.

Тұжырым

Архивтегі деректерге сүйеніп, әрі өзім филармонияда еңбек еткен жылдарды саралай отырып, төмендегідей тұжырым жасауға болады.

Қарағанды облыстық филармониясы 1938 жылы құрылып, ағаларым мен апаларым жұмыс істеген жылдар өте жауапты, қиын кезең болған. Қазақ кәсіби әртістік өнері толық қалыптаспаса да, халықтың арасындағы туа біткен таланттар әртістік өнерді өте жоғары деңгейге жеткізді. Көп талант иелері Мәскеу консерваториясының қазақ бөлімінде оқып білім алды. Алған білімдерін, өнерлерін бірге жұмыс істеген әртістерге, кейінгі жастарға үйретуге, кеңес беруге аянбады. Қарағанды қаласында шахта, завод, фабрикалар бой көтерді, түрлі кәсіпорындар ашылды. Қазақ ұлтының үлес салмағы өте көп болды. Бұл үрдіс 1937-38 жж. науқан, 1941 ж. соғыс жылдарына дейін сақталды. Соғыс жылдары қыз-келіншектер шахтаға түсіп, еңбек еткен. 2000 жылдың ортасына дейін Шалқыма скверінде «соғысқа қатысқан қыз-келіншектерге ескерткіш қойылады» деген тас белгі болатын. Кейін белгісіз себептермен қойылмады, тас та жоғалып кетті. Келешекте осы ескерткіш қойылады деген үміт бар.

Қазақ ұлттық топтары, әртістері елег шығып, өнерлерін көрсетіп жүрді. Тың игеру жылдарынан бастап, басқа ұлттар, әсіресе орыс халық көп келіп қоныстанды. 1960-70 жылдары Осакаровка, Нұра, Бұқар Жырау аудандарында, Солтүстік Қазақстан облыстарында, совхоздарда басым көпшілігі басқа ұлттар, совхоз бөлімшелерінде қазақтар тұратын. Филармонияның қазақ бригадалары мен басқа ұлт әншілері, бишілері, көркемсөз оқушылары, басқа да өнерпаздар сол жылдардан бастап аралас құрамда қызмет етті. Қазақ әншілері орыс әндерін, басқа да ұлт әндерін, билерін орындайтын. Тың игеру жылдары таза орыс бригадалары құрылып, вокалды-аспапты ансамбльдер елді аралайтын.

Қарағанды 1934 жылы ақпан айында қала мәртебесіне ие болды. 1936 жылы Қарағанды Қызылжар облысынан (Петропавловск) бөлініп, дербес облыс болды.

1930 жылдары шахта жаппай ашылғанда көп ұлт өкілдері еңбек етті. Сол уақытта көркемөнерпаздар үйірмелері әр шахтада, фабрикада, кәсіпорында жұмыс атқарды. Кейіннен әр шахтаның өз клубтары, мәдениет үйлері ашыла бастады. Мысал келтіре

кетейін, №70, №20 шахтаның клубтары бар еді, ал №34 шахтаның мәдениет үйі Майқұдықта болды. Қазір де жұмыс істейді. Бұл мәдениет ошақтарында балалар секциясы жұмыс істеді, кино көрсетілетін, би алаңдары, әртүрлі үйірмелер, домбыра ансамблі, үрмелі оркестр, кейін ВИА топтары құрылды. Осы істелетін шараларға облыстық, қалалық мәдениет басқармалары басшылық жасады. Бұл өнер ұжымдары облыстық филармониямен тығыз байланыста, қоян-қолтық жұмыс істеді.

Қарағанды облыстық атқару комитеті 1949 ж. 6 мамырындағы №262 шешімімен қазіргі Бұқар Жырау даңғылында Жазғы театр құрылысын бастау, 1949 жылдың 1 шілдесінде аяқтау тапсырылды. Архитектор И.И.Бреннер. ГАКО. Ф.18. Оп.1. Д.1264. Л.137-138.

Жазғы театр ғимаратын жапон соғыс тұтқындары салды. Бір шеге қағылмаған. Бұл театрда өнер иелері концерт қоятын, кино болатын. Алдында үлкен фонтан болды. 2000 жылдары филармонияның басшылығы Жазғы театрды дұрыс пайдалана алмады. Мемлекет қарамағындағы мәдени құндылыққа жататын бұл ғимаратты сол кездегі қала басшысы Литвинов тізімнен шығарып, орнын жеке кәсіпкерге сатып жіберді. 2008 жылы облыс әкімі Н.Нығматуллин осы орынға облыстық қазақ драма театрын салғызды.

1951 жылы 19 маусымда Қарағанды Кеншілер Мәдениет Сарайы қолданысқа берілді. Архитекторлары И.И.Бреннер мен Я.А.Янош. Ғимарат 3 бөлімнен тұрады. 1000 орындық. Кіші залы, кітапхана, спорт залы мен клуб орналасқан.

Энциклопедия «Қарағанда. Карагандинская область», 2008 г.

1970 жылдардың ортасында цирк ғимараты пайдалануға берілді. Қарағандыда цирктің бой көтеруіне облыстың бірінші хатшысы Коркин мұрындық болды.

1990 жылдары Октябрь кинотеатрын Шалқыма концерт залы қылып өзгертті. Бұл концерт залында симфония және Тәттімбет оркестрі орналасып, жұмыс жасайды.

Тұңғышбай Игенбеков

Өткен күндер

Редактор - Марал Нұртөлеуова
Техникалық сарашы - А. Адамова

ПК “ЭКОЖАН”

Басуға 15.12.2020 ж. қол қойылды. Пішіні: 60 x 84/16 Әріп түрі “Times New Roman”.
Офсеттік баспа.
Таралымы 100 дана. Тапсырыс № 1390

